Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№16 (1719)
18 сәуір
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ   WWW Qaa.kz   qaa.kz   Ақмешіт Ақшамы Газеті

# ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚАЙРАН ҚАЛАМЫЗ...

Әңгіме облыс әкімі Нәлібаев туралы емес. Егер ол туралы айтар болсақ әңгімеміз біразға созылып кетері анық. Өйткені, Нұрлыбек Машбекұлы 50-ге толар-толмас өмірбаянында біраз қызмет жолдарынан өтті. Оның әрқайсысына баспа-бас тоқталмағанда, бір ғана 2013-2021-ші жылдары Қызылорда қаласының әкімі болғанының өзі бір кітаптан астам жүк болары анық.

Әңгіме Н.Нәлібаев Қызылорда облысына әкім болып тағайындалғанына екі жылдан асып бара жатқан уақыт аралығындағы қызылордалықтардың жетістіктері жайында. Шынын айтқанда Н.Нәлібаев аймақ басшысы болып келген 2022-ші жылдың 7 сәуірінен бергі Қызылорданың қарқыны, өзгерісі, жақсы жаңалықтары өзімізді қойып, өзгелерді де қайран қалдырады.

Осыдан біршама уақыт бұрын Қызылордада айналдырған екі жыл уақытта соңғы кездері салынып пайдалануға берілген дәрігерлік, мәдени, спорт нысандарын айтпағанда бір ғана "Өнер орталығы" салынып, пайдалануға беріледі десе, сенбеген болар едік. Есімі көпшілік арасында атала бермейтін, кәсібін жүргізіп, өзінің айналасына жағдайын жасап, өз жайымен жүрген кәсіпкердің бірі "Анаға тағзым" үйін салып береді деген кімнің ойына келген? Жастар үшін жақсы жаңалық болған "Отбасы" ғимараты да тіпті біз армандауға қорқып жүрген қажеттілік еді.

Ия, бұдан біршама уақыт бұрын экономикалық көрсеткіштері жағынан еліміздегі өңірлер арасында рейтинг соңында жүрген сырбойылықтар үшін жылдар бойы арман болғандар қазір нақты іске айналды, қажеттіліктен пайдаға жарады.

Екі жыл ішінде көз алдында болып жатқан керім дүниелердің, салынып жатқан, салынған көркем ғимараттардың әсері болар қызылордалықтар бүгінде жоғары деңгейде ойлай бастады, армандар да көкке көтерілді. Содан да болар салып жатқан құрылыстардың да қарқыны ғана емес, биіктігі де биіктеді. Бүгінде Қызылордада бір емес, он алты 7 қабатты үй салынуда. Бизнес үйлер пайдалануға беріледі. Демек біз бұрынғыдай үй сала салмаймыз. Оған да өзінше реңк беріп, бөлек талғаммен жасаймыз. Өйткені екі жыл уақыт бұрынғыдан өзгеше өлшемдермен, басқаша көзқарастармен өмір сүре бастадық... Ескіден жаңаға, бұрынғыдан қазіргіге көштік.

Әр күні бір жаңалыққа толы қызылордалықтар құр армандамайды, олар сол арманға жету жолдарын да қарастырады. Мәселен, экономикада ең бірінші орында есеп пен үнем, оның айқын көрінісінің бірі: мектептердегі оқушы тығыздығын шешу үшін 3 млрд-қа бір мектеп салу орнына, тығыздылығы басым мектеп жанынан 700 млн. теңгеге қосымша ғимараттар салып, екі мәселені бірден шештік. Ақша да үнем, әрі мектепте орын да жеткілікті. Сондай-ақ мектептен шалғай тұратын балаларға білім алуға кедергінің бірі көлік мәселесін шешу үшін шетел киноларындағыдай сары автобустар алынды. Шеттен білім алам деген ауыл баласының арманы болған Корей жоғары оқу орындарының филиалдары Қызылордада ашылғалы жатыр. Әзірге Сеултехтің жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі білім беруде.

Мүмкін емес мүмкін болды дегендей күні кеше жаңа Автовокзал пайдалануға берілді. Бас-аяғы екі жылдың ішінде. Бір қызығы енді қызылордалықтар "ел мен елдің, ағайын мен туыстың арасын жалғайтын татулықтың тұтқасы ғана емес, сауда-саттық пен іскерлік байланыстың алтын көпірі осы Автовокзал арқылы халықаралық және ел ішіндегі 38 бағыт бойынша сапарға шыға алады".

Сөз ретінде айта кетейік, ресми ақпараттарға зер салсақ бұған дейін Қызылорда қаласындағы қоғамдық көлік мәселесін шешу үшін жаңадан 300 автобус, аурухана, емханаларға 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника, ветеринарларға 30 көлік, құқық қорғау орындарына 100-ге тарта қызметтік көлік, төтенше жағдайлар қызметіне 17 арнайы техника берілген. Екі жыл уақыт өлшеміне аз емес...

Енді ауылдардағы дәрігерлік пункттерге 200 санитарлық көлік беріледі.

Тұрғындардың таксиге қатысты біраздан бергі талап тілектерін шешу жолы да креативный болып тұр. 1 млрд. теңгеге 100 экотакси алынады. Электр қуатымен жүретін бұл экотаксилер айнала қоршаған ортаны газбен ластамайды. Әрі бір орталықтан басқарылатындықтан әрқайсысы әртүрлі баға айтып, әрқалай қызмет көрсетпейді.

Аймақ басшысының бұл тараптағы ойы такси қызметі әрі арзан болады.

Жалпы Сыр бойындағы қордаланған мәселелердің шешілу үрдісі екі жылдан бері бұрынғыға еш ұқсамайды. Мәселен, талантты жастарды өнерге, музыкаға баулитын музыкалық колледждің ғимараты ескірді, тозды. Ұжымның күрделі жөндеуді сұрап жүргеніне жылдан жыл өтіп жатыр. Жергілікті биліктің шешімімен колледж ғимараты қайта салынады. Әрине, экономика заңдылығы бойынша ескіні жамап-жасқағаннан гөрі жаңадан салған тиімді.

*Жалғасы келесі номерде*

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда музыкалық колледжінің жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсімі өтті. Іс-шараға «Саутс Ойл» компаниясының вице-президенті Серік Мырзабеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жырау Алмас Алматов қатысты.



Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында «Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын» – деп атап өтті. Балаларға тәлімді тәрбие мен лайықты білім беруде баршамыздың ұстанымымыз бір, мүддеміз ортақ. Ол – туған елін шексіз сүйетін, өз ісіне адал, ізгілікті ұрпақ тәрбиелеу.

Музыкалық колледждің қала орталығындағы қазіргі ғимаратының тозығы жеткен, заман талаптарына сай келмейді. Бұл проблеманы өнерпаздар да көптен бері көтеріп келеді. Ескірген ғимарат небәрі 350 орындық, ал онда оқитындар саны, жастардың музыкалық білім алуға сұранысы жыл сайын артуда. Осы жағдайды ескеріп, өткен жылдың соңында «Саутс Ойл» компаниясымен музыкалық колледжге арнап сол жағалаудан 650 орындық жаңа ғимарат салу туралы келісімге қол қойдық. Бірлескен игі іс жалғасын тауып, бүгін, міне, жаңа ғимараттың іргетасын қалаймыз. Жаңа нысан білім мен мәдениеттің ордасына айналып, шығармашыл жастардың өнерін шыңдауға жан-жақты мүмкіндік жасайтын болады», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада «Саутс Ойл» ЖШС вице-президенті Серік Мырзабеков пен музыкант, Мәдениет қайраткері Кеулімжай Ботабаев қызылордалықтарды құттықтап, ізгі лебіз білдірді.

Үш қабатты ғимарат 650 орынға арналған, құрылыс жұмыстары тамыз айында аяқталады деп жоспарлануда. Жобаның жалпы құны 4,8 млрд теңге, бас мердігер – «Интегрострой» ЖШС.

# "БАЙМҰРАТТЫҢ" ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылындағы ауысымына 25 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтап, денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп, халыққа арнаған Жолдауында «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деген еді. Өздеріңіз білесіздер, көпбейінді облыстық аурухана базасындағы магнитті-резонанстық томография, яғни МРТ аппараты бұзылып, 2016 жылдан бері осы құрал-жабдық болмады. Біз бұл мәселенің шешімін табу үшін бюджеттен қаржы бөліп, биыл 646 млн теңгеге аталған аппаратты алдық. Облыстық перинаталдық орталықтың жүктемесін азайту, жас аналардың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру үшін 1 млрд теңгеге 70 орындық перинаталдық бөлім жасақталды. Бұл – халық денсаулығын жақсарту бағытындағы жұмыстардың бір бөлігі ғана», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада Денсаулық сақтау ісінің үздігі Тұрғанбай Маханов жерлестерін құттықтап, игі тілегін білдірді. Сондай-ақ, мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды.

Амбулатория құрылысын «Бақ-Береке – 2030» ЖШС салды. Құрылыс өткен жылдың шілде айында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде басталған. Амбулаторияда 9 қызметкер, яғни, 1 дәрігер, 5 орта буын және 1 кіші буын медициналық қызметкер, 2 техникалық қызметкер бар.

# ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН БОЛСАҚ...



***Еліміздің бірқатар аймағында орын алған су тасқынының зардабы әлі де сейілер емес. Салдарынан талай отбасы баспанасыз қалып, қиындықтың қамытын киді. Мемлекет тарапынан елді есеңгіреткен табиғи апатты ауыздықтау шаралары атқарылып жатқанымен, жағдай күн санап күрделеніп келеді.***

## ТАСҚЫНҒА ТАС-ТҮЙІН ДАЙЫНБЫЗ БА?

Табиғаттың алапат апатынан Сыр халқы да секемденіп отырғаны жасырын емес. Тасқынға қатысты арнайы өткізілген республикалық штаб отырысында Мемлекет басшысы су құрсауында қалған халықты қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек беруді шегелеп тапсырған болатын. Осы жиында әрбір облыс тасқынға тосқын болуға тас-түйін дайындық жүргізу қажеттігі де айтылды.

Соңғы мәліметке сәйкес, бүгінгі күнге облыс аумағына 339 текше метр көлемінде су түсіп жатыр. Өткен жылдың есепті кезеңінде 314 текшеметрді көрсеткен. Қазіргі уақытта облыс аумағындағы су деңгейі қатаң бақыланып, өңірдегі су қоймалары транзиттік режимде жұмыс жасап тұр.

Тасқын қаупін болдырмау бойынша Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, ахуалды өз бақылауына ұстап отыр.

## ОБЛЫСТА ҚАУІП ЖОҚ

Жауапты сала мамандары бүгінде облыста ахуал тұрақты екенін алға тартады. Сыр өңіріне су тасқынынан қауіп жоқ. Дей тұрғанмен, бақылау жасау, тасқынның алдын алу шаралары тұрақты жүргізіліп келеді.

***- «Су тасқынының дайындық шаралары күнделікті бақылауда. Қазіргі уақытта су деңгейі бірқалыпты. Тасқын судың қаупі жоқ. Бүгінде тасқынға жол бермеу мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізіліп жатыр», - дейді «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Зейнулла Қазтоғанов.***

Инспекцияның мәліметіне сәйкес, нақты уақытта Шардара су қоймасында 4 млрд. 705 млн текше метр су бар. Ал Көксарайда 1 млрд. 473 млн. текше метр су жиналған. Оның ішінде Шардарадан секундына 200, Көксарайдан 100 текше метр су Қызылорда облысына құйылып жатыр.

## БІРЛІГІМІЗ СЫНАЛАР ШАҚ

Табиғи апаттың аранында қалған аймақтарға еліміздің әр аумағынан шамашарқынша көмек көрсетіліп келеді. Мұндай қолдаудан Сыр өңірі де қалыс емес.

Бұған дейін су тасқыны болған аймақтарға 296 қызылордалық құтқарушы аттанып, 135 техника жіберілді. Бұдан өзге тасқынның зардабын тартқан өңірлерге гуманитарлық көмек көрсету мақсатында қала және аудан әкімдіктері «Күшіміз – бірлікте» акциясын ұйымдастырды. Акцияға облыстың жанашыр азаматтары мен волонтерлер өз үлесін қосуда. Бүгінде аталмыш акция аясында арнайы жинақтау пункттері де ашылып, жұмыс жүргізіп жатыр. Осы пункттер арқылы апат аймақтарына су тасқыны басталғаннан бүгінгі күнге дейін Сыр өңірінен 150 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жөнелтілген.

Сонымен қатар қызылорлалықтар атынан апат орын алған аймақтарға арнайы техникалар жіберуге шешім қабылданды. Соның негізінде Батыс Қазақстанға Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен 106 арнайы техника жөнелтілді. Техникалар қажеттілігіне қарай бір тәулік ішінде әзірленіп, теміржол арқылы тасымалданды.

## ОРАЛДЫҚ ОҚУШЫЛАР «ҚАМБАШ» ЛАГЕРІНДЕ ОҚИДЫ

Су тасқынын, әсіресе батыстық ағайын қатты сезінді. Соның ішінде Орал қаласындағы ахуал әлі де алаңдатарлық күйде тұр. Талай тұрғын тұрағынан айырылып, балалардың білімін жалғастыруға мүмкіндік қалмай барады. Соған орай Орал өңірінің бір топ оқушылары Қызылордаға жеткізілді. Енді Сыр топырағына табаны тиген балғындар Арал ауданына қарасты «Қамбаш» балаларды сауықтыру орталығында білімін жалғастыратын болады.



Оралдық өрендерді Арал аудандық білім бөлімі көршілес Қазалы ауданындағы темір жол бекетінен сәуірдің 16-сынан 17-сіне қараған түні күтіп алды. Орталыққа 5-9 сынып оқитын 103 бала орналастырылды.

Қызылорда облыстық білім басқармасының мәлімдеуінше, Батыс Қазақстандық бүлдіршіндер бүгіннен бастап 10 күн бойы аталған орталықта білім мен тәрбие алады. Сондай-ақ, түрлі мәдени-сауықтыру шараларына қатысады. Ауданның тарихи-мәдени орындарына экскурсия жасайды.

***- «Сыр өңіріне келген оқушылар 10 күн бойы Арал ауданы аумағындағы "Қамбаш" олимпиадалар және қосымша білім беру орталығында оқып, демалатын болады. Лагерьде балалардың әр сағаты алдын ала жоспарланып қойған. Мәселен, түске дейін сабақ оқыса, сабақтан тыс уақытта түрлі мәдени-сауықтыру шараларға қатысады. Сондай-ақ, ауданның тарихи-мәдени орындарына, мұражайларға экскурсия жасайды. Балалар лагерьде бес мезгіл тамақпен қамтамасыз етіледі. Оқушыларға аудан мектептерінен арнайы дайындалған мұғалімдер сабақ береді. Ал бағаны "күнделік.кз" платформасына балалармен бірге келген жетекшілері қоятын болады», - деп түсіндірді бізге бұл жайында Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.***

Жалпы мекемеде балаларға барлық қажетті жағдай жасалған. Білікті ұстаздардан офлайн оқу процесі арқылы білім алады. Сонымен қатар түрлі спорттық, шығармашылық іс-шаралар өткізіліп тұратын болады.

Қорыта айтсақ, төтеншеліктер тасқынның бетін қайтаруға күш салып жатқан тұста, ел болып ағын судың аранында қалған ағайынға қолдау танытуымыз бірлігіміздің бекемдігін аңғартады.Ал тасқыннан қауіп жоқ деп тоқмейілсіп отырмай, аймақтағы ахуалды жіті назарда ұстап отырған өңірдегі су мамандарының қарекеті көңілге сенім ұялатады.

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ- МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер - жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша олардың құқықтарын, бостандықтары мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асыратын өмір сапасы болып табылады.Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі - жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласының сапасын арттыру- ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейінің көтерілуіне септігін тигізетіні анық. Қызылорда қаласының «Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 6 мемлекеттік қызмет түрін жүзеге асырады.

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Кент ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру»,«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп, не бөліп төлеу арқылы сату», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау».

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қимылының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді.

Қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында әкім аппаратының ғимаратында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттық стендттермен жабдықталған. Керекті ақпараттың барлығы: қызмет көрсету мерзімі, қызметтің түрлері туралы мәліметтер стендтерде орналастырылған және «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» талапқа сай қажетті техникалық құралдармен жабдықталған.

Округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға ыңғайлы жағдай жасау болып табылады.

2024 жылдың I тоқсаны бойынша «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарапынан жеке және заңды тұлғаларға 3 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» 3 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

**Ж.КӘДІРОВА**
**Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы**

# АУЫР ХАЛДЕГІ НАУҚАСТАРҒА ҚАЛАЙ КҮТІМ ЖАСАЛАДЫ?

Науқастың күтімі – бұл жан-жақты қызмет көрсету, науқастың сауығуына жасалатын жағдайлар, көмек. Сондықтан күтімнің әсері өте зор деп есептеледі. Медицина мекемесіндегі күтім медицина қызметкерінің міндеті болып есептеледі. Күтім тек қана білімді емес, біліктілікті де талап етеді.

Халі ауыр науқастарға мейіргерлік күтім жасауға мыналар кіреді: төсекте жайлы қалыпты – «төсекжайлылығын» қамтамасыз ету, төсек және іш киімді уақтылы ауыстыру, ойылудың алдын алу және оларды өңдеу (бар болса), ауыр науқастың тері күтімі, мұрын шырышты күтімі, науқастың ауыз қуысын күту, көзді, есту жолдарын және т. б. өңдеу. Сондай-ақ, ауыр науқаспен тілдесу кезінде мейірбике оны мұқият қадағалап отыруы өте маңызды: оның мимикасы, интонациясы, дене қимылдары сөзден гөрі көп нәрсені білдіреді.

**Ойық жараларын емдеу және алдын алу.** Науқастың терісін сүрту үшін дезинфекциялық ерітіндіге малынған салфетканы пайдаланамыз. Алдымен науқастың мойын бөлігін, құлақтың сыртқы бөлігін, көкірек клеткасының алдыңғы жағын және қолтық астын сүртеміз. Әсіресе емшек бездері астындағы қыртысқа ерекше назар аударған жөн. Содан кейін басқа салфеткамен науқасты қырындатып арқа бөлігін, сосын аяқтарын сүртеміз. Қажетіне қарай тырнақтарын аламыз. Күтімі нашар болып, организм күрт әлсірегенде дененің қысым түскен бөлігінде ойық жаралары пайда болады. Ойылған жер дегеніміз үстіңгі жағы тереңдеп жайыла түсетін беткі тканьнің жансыздануы. Ойылатын жерлер әдетте сегізкөздің, жауырынның, үлкен ұршықтың, шынтақтың тұсынан пайда болады. Ойықтың үлкеюі науқастың қиын жағдайда жатып, сол жердің қан айналысының бұзылуынан болады.

**Экзогендік** ойықтың алдын алу үшін гипс таңғышы, емдік шина, жабысқақ пластырь қолдану кезінде терінің дөрекі және ұзақ басылуын жоямыз. Жарада тұрған дренаж түтіктерін, катетерлер, асқазан зондын үнемі орын ауыстырып отыру қажет.

**Эндогенді** ойықтардың пайда болуының алдын алу үшін науқастың қалпын әрбір 1,5-2 сағат сайын өзгертіп отыру керек. Қалып түрлері науқастың жағдайына және ауру түріне қарай жасалады. Науқас төсекте өз бетінше қалпын өзгертетін болса, ол науқастың қалпын өзгертпейміз. Тек өз еркімен қимылдай алмайтын науқастардың төсектегі қалпын өзгертеміз. Арнайы тірегіштермен арқасына, аяқтарының арасына, қолдарына білекшелер қолданамыз.Ойық жараға қарсы арналған гофриленген беткейі бар матрасты қолданамыз. Тері жағдайын күнделікті тексереміз. Бірнеше рет.

**Халі ауыр науқастың ауызқуысын күту.** Мақсаты: науқастың жеке бас тазалығын сақтау, ауыздың уылуы дамуының және ауыз қуысының басқа да қабыну ауруларының алдын алу. Қолдану көрсетілімдері: төсекте жатқан халі ауыр, әлсіреген, қызуы көтерілген науқастарға алдымен залалсыздандырылған 2 науаны, 2 пинцетті, тіл ұстағышты, ауыз кергішті, дәке сүрткілерін, тампондарды, 2 шпательді, алмұрт тәрізді баллоншаны, немесе шприц, вазелин, ішінде антисептикалық ерітіндісі бар флакондарды, сүлгіні, ішінде суы бар стаканды, қолданылған заттарды салатын науаны, қолғаптарды, ішінде залалсыздандыратын ерітіндісі бар ыдысты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді дайындап аламыз. Сосын іс әрекетке көшеміз: Науқасқа емшара барысын түсіндіріп, оның келісімін аламыз. Ауыз қуысын, қызыл иекті, тілді мұқият қарап тексереміз. Мензуркаға антисептикалық ерітіндіні құямыз. Науқасты Фаулер қалпына орналастырамыз. Науқастың басын қырына қарай бұрамыз, мойнын және кеудесін кленкамен жабамыз, астыңғы иегінің астына науаны қоямыз. Қолымызды №151 бұйрық бойынша тері антисептигімен өңдеп, кептіреміз. Қолғаптарды киеміз. Науқастың тіс протездері болса, оны алып тастаймыз. Науқастың ұртын шпательмен керіп, антисептикалық ерітіндіде суланған дәке тампонын пинцетпен алып, оларды ауыстыра отырып, әрбір тісті қызыл иегінен бастап, азу тістерден күрек тістерге қарай сол жақтың сыртқы бетін тазартамыз. Тілді залалсыздандырылған дәке сүрткісімен орап, сол қолмен немесе тіл ұстағышпен абайлап оны ауыздан тартамыз. Шпательге ораған дәке сүрткісімен тілдегі бозамықты 2-3 рет сүрткіні ауыстыра отырып, тілдің түбірінен ұшына дейінгі бағытта жан-жағын сүртеміз. Науқастың аузын шаюға көмектесіңіз немесе ауыз қуысын алмұрт тәрізді баллоншамен немесе, шприц көмегімен шаямыз. Ауыз бұрышын шпательмен керіп, кезекпен сол жағын, сосын оң жақ ұрт аймағын ерітіндімен орташа қысымдағы ағыс екпінімен жуамыз. Ауыз айналасындағы теріні құрғақ сүрткімен сүртеміз, залалсыздандырылған сүрткіге салфеткаға шпательмен вазелин жағып, еріндерін майлаймыз. Құралдарды ішінде залалсыздандыратын ерітіндісі бар ыдыс, дәке тампондарды, сүрткілерді қауіпсіз жоюға арналған контейнерге саламыз. Қолғапты шешіп, қолымызды жуып, құрғатамыз.

**Кундабаева Айгерім Тахирқызы**
**Көп бейінді қалалық аурухана**
**неврология және нейроинсульт бөлімінің мейіргері**

# МЕДБИКЕ ТАРАПЫНАН ҚЫСЫМ БОЛМАЙДЫ

Бағалау – бақылауды қажет ететін үздіксіз жүйелі процесс.

Бағалаудың мақсаты - науқастың жағдайы туралы толық ақпарат алу. Толық бағалау үшін науқастың денсаулық жағдайы туралы деректерді жинау қажет. Науқастың жағдайын бағалау – науқастың жеке тұлғасына оның физикалық жағдайына ғана емес, сонымен қатар психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік және рухани қажеттіліктерін ескере отырып анықтайтын біртұтас көзқарас. Өткізілген сауалнаманың сапасы мен алынған ақпарат мейірбикелік процестің кейінгі кезеңдерінің табыстылығын анықтайды. Бағалау деректері пациентпен сұхбаттан, дәрігер жазып алған науқастың ауру тарихынан , физикалық тексеруден, сондай-ақ отбасы мүшелерінен және басқа денсаулық сақтау мамандарынан жиналуы мүмкін. Ақпарат жинауға қажетті сауалнама әдістері субъективті, объективті және бірін-бірі толықтыратын болуы мүмкін. Объективті тексеру науқасты қарауды, оның мимикасын, тыныс алуын, қалпын бақылауды, қан қысымын, температурасын, тамыр соғуын, тыныс алу жиілігін өлшеуді, терінің құрғауын анықтауды және т.б. кіреді. Дегенмен, көбіне дене температурасын, импульсті, қан қысымын, тыныс алу жиілігін өлшеумен шектеледі, бұл науқастың жағдайын бағалау үшін жеткіліксіз. Субъективті тексеруде ақпарат көзі науқастың өзі де, оның отбасы мүшелері де, медицина қызметкерлері де болуы мүмкін. Отбасы ақпараттың негізгі көзі бола алады, әсіресе науқас жас бала немесе қарым-қатынас жасай алмайтын адам болса.

Адекватты мейірбике күтімінің жоспарын жасау үшін пациент туралы мүмкіндігінше көбірек ақпарат алу өте маңызды. Күлімсіреу, жылы сәлемдесу - әңгіменің жақсы бастауы. Мейірбике өзін таныстырып, тегін, атын, әкесінің атын көрсетуі керек, содан кейін күтім жоспары туралы айту керек. Әңгімелесу кезінде медбике тарапынан ешқандай қысым болмауы керек, әңгіме құпия қарым-қатынас ретінде жүргізілуі керек. Науқас оның медбикемен әңгімесі құпия болып қалатынын және мейірбикелік күтімді жақсартуға ықпал ететінін білуі керек. Науқаспен әңгімелесу кезінде ақпаратты неғұрлым тиімді алу үшін келесі факторлар маңызды: үнсіздік, мұқият тыңдау, достық қарым-қатынас, сұрақтарды алдын-ала дайындау және әңгімелесу кезінде жазбалар жүргізу. Үнсіздік науқасты бақылауға мүмкіндік береді және оған өз ойларын жинақтауға уақыт береді. Мұқият тыңдау науқаспен байланысты жеңілдетеді және оның проблемаларына, оны алаңдататын барлық нәрсеге мейірбикенің қызығушылығын сезінуге мүмкіндік береді. Мейірімді көзқарас пациенттің өмір салтына, оның өмірлік құндылықтарына бейтарап көзқараспен қарауға ықпал етеді. Сұрақтарды дайындау әңгімені медбикеге де, пациентке де түсінікті етуге мүмкіндік береді. Байланыс орнату мүмкіндігі медбике үшін өте маңызды, әсіресе науқастың жағдайын бағалау кезінде, өйткені бұл өзара түсіністік пен сенімді қамтамасыз етеді. Адамның қозуы, жүйкесі тозуы және тіпті ашулануы, өзін нашар сезінуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Әңгіме барысында мейірбике науқас қандай және қанша сұраққа төтеп бере алатынын анықтауы керек. Науқас бірдеңені есіне түсіре алмаса, эмоция көрсетпеу керек. Төсек тартып жатқан науқаспен сөйлескен кезде оның төсегінің жанына орындықты қойып, науқас пен мейірбикенің көздері бір деңгейде болатындай етіп отыру керек. Бұл науқасқа мейірбикенің уақыты бар екеніне және оны тыңдағысы келетініне сенуге мүмкіндік береді. Жай ғана әңгіме жүргізе білуіңіз керек, оны қысқа сұрақтар мен жауаптарға айналдырмайсыз. Барлық алынған ақпаратты есте сақтау қиын, сондықтан жазбаларды сақтау керек.Әңгімелесу барысында пациенттің жауабын басқа адамдар естімеуі керек екенін есте ұстаған жөн. Пациенттердің төсек-орындары бір-біріне жақын болса, мұны істеу әрдайым оңай емес, бірақ алынған ақпараттың (ауызша және жазбаша) құпиялылығын қамтамасыз ету үшін барлық күш жігерді салу керек. Егер науқас жүре алатын болса және бос бөлме болса, онда әңгімені жеке жүргізген жөн. Сіз тыныш, тыныш ортада және мүмкіндігінше үзіліссіз сөйлесуіңіз керек. Мейірбике науқасқа асығыс екенін көрсетпеуі керек, өйткені ол мұны көріп, сұрақтарға асығыс және дәл жауап бере алмайды. Науқастың жағдайын бағалаудың сәттілігі көбінесе науқастың қарым-қатынас және бақылау шеберлігіне байланысты. Зертханалық және аспаптық зерттеулердің деректері қосымша ақпарат көзі бола алады. Жиналған деректер анық болуы және науқастың жағдайының толық бейнесін беруі керек. Алынған ақпаратты дұрыс түсіндіру қажет.

**Кундабаева Айгерім Тахирқызы**
**Көп бейінді қалалық аурухана**
**неврология және нейроинсульт бөлімінің мейіргері**

# ӘЙЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Табиғат әйелдің етеккір циклі өте дәл механизмі болу үшін ойластырылған. Оның жұмысы эндокриндік жүйенің қалыпты жұмысына мидың ең күрделі биохимиялық реакцияларына дейінгі көптеген факторларына әсер етеді. Сонымен қатар, кез-келген басқа тетіктің жұмысындағы сияқты, әйелдер циклында да кейде сәтсіздік орын алады. Олардың ерекшеліктері мен мүмкін себептері туралы білейік.

**Менструальдық циклдің бұзылуының симптомдары:** Ең алдымен циклдің ұзақтығы әрбір әйелдің жеке ерекшелігі екенін атап өткен жөн. Орташа алғанда бұл 28 күн, бірақ медициналық норма 26-дан 36 күнге дейін. Мысалы, сіздің циклыңыз әрдайым 35 күнге созылатын болса, онда бұл сәтсіздік емес, сіздің жеке ерекшелігіңіз. Норманың нұсқасы ай сайын 2-3 күнде ауысым деп аталуы мүмкін, өйткені олардың барлығы бірдей уақыт аралығында емес. Өз кезегінде, сәтсіздік, етеккірдің басында 5-7 күн бойы бір бағытта ауысуы деп аталады. Егер бұл жүйелі түрде пайда болса, онда гинекологқа баруды кейінге қалдырмаңыз. Дәрігер мұның себебін түсінуге және циклды реттеуге көмектеседі.

**Неге менструация циклы дұрыс жұмыс істемейді?** Жоғарыда айтылғандай, әйелдердің репродуктивтік жүйесінің жұмысы субкортикалық орталықтар мен миға реттеледі, сондықтан ай сайын келіп түскен аурулар, әсіресе онкологиялық (гипофиздің аденомасы, әртүрлі ісік) айдың уақытына әсер етеді. Гормоналды іркіліс - ең көп тараған себеп. Әйел денесінің эндокриндік жүйесі циклдің түрлі кезеңдерінде гормондардың белгілі бір түрлерін шығаруға арналған. Ал егер бұл бұзылған механизмде өзгерістер болса, бұл менструация әсерін бәсеңдетпейді. Сонымен қатар бірнеше сағат өткен соң (3-тен 7-ге дейін) ауысымға әкелуі мүмкін екендігі белгілі, себебі бұл кезде дене дұрыс гормондар шығарады. Циклдің тұрақтылығы әйелдердің созылмалы ауруларына, мысалы, қант диабетіне, семіздікке немесе гипертонияға әсер етуі мүмкін. Жиі жұқпалы аурудан кейін цикл бұзылады, бірақ бұл патологиялық емес, ал бір ай өткеннен кейін ол бірдей заңдылықпен қалпына келтіріледі. Себебі авитаминоз, тіпті ауыр салмақ жоғалуы мүмкін. Бүйрек аурулары (гипоплазия немесе поликистоз), жиі етеккір циклінің бұзылуына себеп болады.

**Менструация циклы сәтсіз болса, не істеу керек?** Ең алдымен, сәтсіздіктің себептерін анықтап, содан кейін циклді қалай орнату керектігін анықтаңыз. Бұл, әрине, гинекологтың көмегі арқылы жасалуы керек. Қабылдау кезінде ол стандартты сауалнама жүргізіп, мәселенің туындауын анықтауға көмектесетін сұрақтарды сұрайды. Бұған қоса тесттерді жүргізу, жатырдың және аналық бездің, қалқанша безінің немесе басқа мүшелердің ультрадыбыстық зерттеуін орындау қажет болуы мүмкін. Менструальдық циклдің себептерін анықтап, дәрігер тиісті ем тағайындайды.

**Етеккір келгенде не жасауға болмайды?** Көптеген әйелдерде белгі келіп бастағанда ішінің төменгі бөлігі ауырып, тынышсызданады. Жайсыздық туындайды. Мұндайда тыныштандыратын препараттар қабылдауға бола ма? Болады. Бірақ кейбір нәрселерді ескеру қажет. Қанның, қан айналымының тежелуін, ұюын тудыратын аналгин, асптрин қолдануға болмайды. Және өзіңіз диагноз қойып, дәріні өзіңіз тағайындамаңыз. Дәрігер кеңесімен ғана ішіңіз.

* Етеккір кезінде ағза өзгереді. Тіпті, оның дәріге деген әсері де өзгеше болады. Аллергия туындауы мүмкін. Егер өзіңіз дәрі қабылдаған соң басыңыз айналып, жүрегіңіз айныса, әлсіресеңіз, бірден ауруханаға барыңыз.

* Ыстық ванна қабылдауға болмайды. Неге? Ол қан айналымын жылдамдатып, қан өте көп мөлшерде бөлінуі мүмкін.

* Еттеккірдің құйып келуін алкогольді ішімдіктер қабылдаудан кейін де байқауға болады.

* Сонымен қатар, бұл кезеңде белгілі бір тағамдарды жеуге тиым салынады. Олар: шоколад, ашытқыға дайындалған нан, тым ащы, тұзды тағамдар, қаймақ, жаңғақтар, жұмыртқа, кофе, шұжық. Бұл тағамдар бас ауруын, бас айналуын туындатуы мүмкін.

* Физикалық белсенді қозғалыс жасамаңыз. Ол сізді әлсіретіп, етеккірдің құйып келуіне әкеледі.

**Кундабаева Айгерім Тахирқызы**
**Көпбейінді қалалық аурухана**
**неврология және нейроинсульт бөлімінің мейіргері**

# 2024 жылғы II-тоқсанында Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

| № | Елді мекен атауы | Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Жалағаш кенті | Садыков Талгат Куракбаевич | Бөлім басшысы | Сәрсенбі 16.00 ден 18.00-ге дейін | Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы к-сі, №20 | 8(724-31) 21-3-91 |

# Сырдария ауданы әкімі аппаратында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

| р/с | Аты-жөні | Қызметі | Қабылдау күні | Қабылдау уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сәрменбаев Берік Әбдіғаппарұлы | Аудан әкімі | Әр аптаның жұма күні | 16:00-ден 18:00-ге дейін |
| 2 | Нұртазаев Талғат Мейрамханұлы | Аудан әкімінің орынбасары | Әр аптаның сейсенбі күні | 15:00-ден 18:00-ге дейін |
| 3 | Байдушев Димаш Серікбайұлы | Аудан әкімінің орынбасары | Әр аптаның сәрсенбі күні | 15:00-ден 18:00-ге дейін |
| 4 | Еспенбетов Роллан Манарбекұлы | Аудан әкімінің орынбасары | Әр аптаның бейсенбі күні | 15:00-ден 18:00-ге дейін |
| 5 | Шайхиев Рысбек Болатұлы | Аудан әкімі аппаратының басшысы | Әр аптаның жұма күні | 10:00-ден 12:00-ге дейін |

**Сырдария ауданы әкімінің аппараты**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

# ИНВЕСТИЦИЯ ҚАЙДАН КЕЛЕДІ?

***Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері және Сыртқы істер министрлігінің өкілдері Қызылордаға арнайы жұмыс сапарымен келді. Олар «Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті» тақырыбындағы дөңгелек үстел жұмысына қатысты.***

Дөңгелек үстел барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне іссапармен келген елшілік өкілдеріне алғыс айтып, осы сапардың нәтижелері екіжақты әріптестікті жаңа деңгейге шығаратынына сенім білдірді.

– «Еуропалық Одақ мемлекеттері мен Қазақстан арасындағы ашық әрі сенімді дипломатиялық қарым-қатынас тәуелсіздік алған кезеңнен бастап орнады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» форматындағы кездесуде «Еуропалық Одақ–Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Біздің сыртқы саудамыздың 40 пайыздан астамы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстанның ЕуроОдақ елдерімен өзара тауар айналымы 40 миллиард долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 миллиард долларға жеткізу үшін бізде барлық мүмкіндік бар» деп атап өткен болатын. Қазір жасалған игі істер болашақ ұрпақтың баға жетпес мұрасына айналады. Сапарларыңыз нәтижелі әрі табысты болады деп сенемін», – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы өз баяндамасында өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Қызылорда облысында ел тұрғындары тұтынатын күріштің 90%-ы өндіріледі. Өңір өнімі ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, алыс-жақын шет елдерге кеңінен экспортталуда. Өткен жылдың қорытындысымен 20 млн. АҚШ долларына бағаланған 50 мың тоннаға жуық күріш өнімдері сыртқа сатылды.

Балық шаруашылығы саласы да басты назарда. Облыста кіші Арал теңізі және 200-ден астам көл бар, 10 балық зауыты жұмыс істейді, оның төртеуі «Еврокод», яғни еуропалық сапа стандартын растайтын белгі иеленген. Жергілікті балық өнімдері Еуропа елдерінде жоғары сұранысқа ие. Өткен жылдың қорытындысымен құны 9 млн. АҚШ долларын құрайтын 2 мың тоннадан астам балық өнімдері Германия, Дания, Литва, Латвия, Нидерланды, Польша және Румыния елдеріне экспортталды.

Мұнан бөлек облыс әкімі Арал теңізінің ахуалын баяндады. Теңіз түбінен көтерілетін тұзды құм жақын маңайдағы елді мекендерден бөлек, Памир тауы мен Солтүстік мұзды мұхиттан табылғаны ғылыми түрде дәлелденген. Құм көшкінін тоқтатудың бірден-бір жолы – теңіз ұлтанын көгалдандыру және жергілікті климатқа сай өсімдіктерді егу. Сондықтан Халықаралық қорлардың демеушілігімен Арал теңізінің құрғаған алқаптарына сексеуіл егу жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Арал теңізінің құрғаған табанындағы 1,1 миллион гектарға 2025 жылға дейін климатқа сай өсімдіктер егуді тапсырған болатын. Осылайша, 2021 жылы 101 мың гектарға, 2022 жылы 250 мың гектар жерге, 2023 жылы 193,2 мың гектарға сексеуіл егілді. 2024-2025 жылдары 556,2 мың гектар аумақта осы жұмыстар жалғасады.

Арал теңізінің тартылуы жаһандық проблема екенін ескерген Халықаралық Аралды құтқару қоры, Дүниежүзілік банктер, Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамы, АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі, Корея Орман қызметі секілді халықаралық ұйымдар бірлескен жұмыстар атқаруда.

Іс-шарада Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко, Еуропалық Одақтың Елшісі Янкаускас Кестутис сөз сөйлеп, алдағы уақытта тиімді әріптестік орнатуға ниет білдірді.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев аймақтың негізгі даму бағыттарын таныстырып, әлеуетті жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға шақырды. «BGI Bioverse» компаниясының жоба басшысы Ванг Минь ханым баяндама жасап, кәсіпорынның жұмыс бағыттарын сипаттады. Сонымен қатар облыс прокуроры Ризабек Ожаров мәселеге қатысты пікір білдірді.

Кездесуді қорытындылаған аймақ басшысы өңірде әлеуетті инвесторлар үшін көптеген жеңілдіктер мен артықшылықтар қарастырылғанын айтып, мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға шақырды.

# ҚЫЗЫЛОРДА мен АҚШ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 10,1 МЛН. БОЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дэниел Розенблюммен және USAID Халықаралық даму агенттігі өңірлік миссия директорының орынбасары Моник Мосольфпен кездесті.

Басқосуда аймақ басшысы Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасында 30 жылдан бері ашық әрі сенімді өзара қарым-қатынас қарқынды дамығанын атап өтті.

– «Бүгінгі күні Қазақстан мен АҚШ арасында екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыттары бойынша кеңейтілген стратегиялық серіктестік орнатылған. Жоғары деңгейдегі тұрақты ресми кездесулер, өзара сауда-экономикалық қатынастың қарқынды дамуы оның айқын дәлелі деп білеміз. Өткен жылдың қорытындысына қарағанда Қызылорда облысы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы тауар айналымы 10,1 млн. АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,7 есе өскен.

Әлемдік қауымдастық Арал теңізінің тартылуын адамзат тарихындағы экологиялық дағдарыстың бірі ретінде бағалады. Құрғаған теңіздің зардабы тек өңірге немесе бір елге ғана емес, барша әлемге тиюде. Осы іссапарда Аралдың қазіргі жағдайымен және атқарылған жұмыстармен арнайы танысқандарыңыз, Аралды құтқару ісіне қосқан елеулі үлестеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз», – деді облыс әкімі.

2021-2023 жылдары USAID Халықаралық даму агенттігінің «Оазис» жобасы шеңберінде Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы экожүйені қалпына келтіру мақсатында 150 гектар жерге сексеуіл тұқымы себіліп, көшеттер отырғызылды, 500 метр тереңдікте су ұңғымасы қазылып, пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысы 2021-2025 жылдар аралығында Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1,1 млн. гектарға сексеуіл екпелерін егуді тапсырған болатын. Биыл 276,2 мың гектар аумақта осы бағыттағы жұмыстар жоспарланған. Қазір 65 мың гектар ұлтанға 19,4 млн. сексеуіл көшеті отырғызылды, алдағы жылы 280 мың гектар алқапқа егіледі.

Кездесуде АҚШ елшісі Америка мен Қазақстанның өзара тиімді әріптестігін әрі қарай дамытуға мүдделі екенін жеткізді.

Өңірге жұмыс сапары барысында Дэниел Розенблюм Қызылорда облысының су шаруашылығы нысандарымен, USAID Oasis жобасының жүзеге асырылу барысымен танысты.

# ЫСТЫҚ СУҒА ҚОСЫЛУҒА ДАЙЫН

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдің өзекті мәселелері талқыланған жедел мәжіліс өтті. Жиында санитарлық тазалық және көгалдандыру-абаттандыру жұмыстарының атқарылуы, салынатын нысандардың құрылыс сапасы, әр сала бойынша түйткілді мәселелер қаралды.

Аймақ басшысы қалаға ыстық су жүйесін орнату, экотакси қызметін ұйымдастыру, автобус паркінің жұмысын үйлестіруде халықтың талап-тілегін ескеру, қоғамдық көліктердің жолаушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуін күнделікті бақылауда ұстауды тапсырды. Жауапты басшылар жалпы қоғамдық маңызы бар мәселелерге әрдайым сергек қарауы тиіс.



Айта кетейік, қазіргі таңда облыс орталығындағы 153 көпқабатты тұрғын үйдің 70-і ыстық су қосуға дайын, тұрғындармен келісім-шарт жасалуда. Бұл жұмыстарға 140 млн. теңге бөлінген.

Қалада жолаушыларға арзан бағамен тасымал қызметін көрсету үшін 1 млрд. теңгеге 100 экотакси алынуда. Электр қуатымен жүретін көліктер ортақ желі арқылы жұмыс жасайды.

Сондай-ақ, жаңадан салынған «Қорқыт Ата» әуежайына кіреберіс жол салынуда. Ауласы абаттандырылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Нұрлыбек Машбекұлы жол құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде аяқтауды ескертті.

Жауапты тұлғалар көтерілген мәселелер бойынша жағдайды баяндап, оларға тиісті тапсырмалар берілді.

# «КИЕЛІ МЕКЕН» АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Облыс аумағында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясындағы «Киелі мекен» апталығы бастау алды. Сыр өңірі – ежелден тарихи-мәдени ескерткіштер мен кесенелерге бай өлке. Мұнда мемлекет қорғауына алынған 567 тарихи-мәдени ескерткіш бар.

Осы ретте, 14-20 сәуір аралығына жоспарланған «Киелі мекен» апталығында барлық тарихи-мәдени ескерткіштер, тарихи-өлкетану музейлерінің аумақтары абаттандырылады.

Акцияның алғашқы күні Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш», Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға қойылған белгі, Амангелді Иманов, Жанқожа Нұрмұхамедұлы ескерткіштерінің маңайы тазартылды.

Игі бастамаға аралдықтар да атсалысып, аудан тұрғындары «Балықшылар музейінің» ауласын көркейтті, Әбдіжәміл Нұрпейісов музейі аумағында әктеу, сырлау жұмыстарын жүргізіп, ағаш көшеттерін отырғызды. Аталған шараға мәдениет және өнер саласының қызметкерлері белсенді қатысты.

Қазалы ауданының тұрғындары да акцияға ерекше қолдау білдіруде. Олар «Жанқожа батыр» кесенесі мен Ғ.Мұратбаевтың мемориалдық музейіне келіп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Бұдан бөлек, қазақ хандығының астаналарының бірі болған «Жанкент» қалашығы мен «Бегім ана» мұнарасы, «Кердері» кесенелерінің аумақтары да абаттандырылды.

«Киелі мекен» апталығында қармақшылықтар түркі жұртына ортақ қасиетті орын «Қорқыт ата ескерткіш-кешені» мен «Марал ишан», «Қалқай ишан» кесенелеріне тазалық жұмыстарын жүргізді.

Ал, жалағаштықтар Бұқарбай батыр және Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіштердің, «Түмен әулие» кесенесінің аумағына жиналды. Ағаш көшеттерін отырғызып, күл-қоқыстан тазартты.

Сырдария ауданындағы «Асанас», «Қышқала» қалашықтары мен «Қалжан ахун» мешіт-медресесі аумағы тазартылып, игі бастамаға тұрғындар белсене атсалысты.

Шиелі ауданындағы «Оқшы ата» қорымының айналасында да тазалық жұмыстары жүргізіліп, ағаш көшеттері отырғызылды.

Жаңақорғандағы «Қорасан ата» кесенесі мен «Сығанақ» қалашығы, басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер маңы қоқыстан тазартылды.

Аталған акцияға аудан тұрғындары, мәдениет және өнер саласының қызметкерлері, сала ардагерлері ерекше қолдау білдірді. Жалпы әзірге «Киелі мекен» апталығындағы сенбілікке 3000 адам қатысты, 100-ге жуық іс-шара өтті. Тарихи-мәдени нысандардың маңайына 5000-ға жуық ағаш көшеттері отырғызылды.

Апта соңына дейін «Жалаңтөс баһадүр» ескерткіші, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш», С.Қожанов, Ы.Жақаев бюсттері мен Мұстафа Шоқай, Бұқарбай Естекбайұлы, Ғани Мұратбаев ескерткіштері, Батырхан Шөкенов атындағы саябақтары тазаланады.

Облыс көлеміндегі көркейту-көгалдандыру және санитарлық-тазалық сенбіліктері тек акция кезінде ғана емес көктемнің алғашқы күні 1 наурыздан бастау алып, тұрақты түрде жүруде.

# БІЗ БІРГЕМІЗ. БЕРІК ІРГЕМІЗ!



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы су тасқыны салдарынан орын алған ауыр жағдайға байланысты «Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді» деп Үндеу жариялаған болатын.

Әрдайым жабырқағанның жанынан табылатын барша Сыр жұртшылығы Үндеуге үн қосып, «Күшіміз – бірлікте» акциясы аясына бірікті.

Гуманитарлық көмек жөнелткенде әр өңірдің сұранысына, қажеттілігіне сәйкес бірінші кезектегі керек заттарды жіберу маңызды. «Ырыс ынтымаққа жолығады, Дәулет бірлікпен толығады» дегендей Сыр жұртшылығы су тасқыны болған алғашқы күндерден бастап зардап шеккен аймақтардағы ағайынның амандығына алаңдап, гуманитарлық, қаржылай көмек көрсетуге атсалысуда.

Бұған дейін Ақтөбе қаласы мен аталған облыстың Қобда ауданына 25 жүк көлігімен 83 млн. теңгенің 112 тонна гуманитарлық көмегі, 50 млн. теңгенің 20 тонна жем-шөбі жеткізілді.

Қостанай, Ақтөбе облыстарында 66 қызылордалық құтқарушы әріптестеріне кәсіби көмек көрсетуде. Сыр өңірінен апарған арнайы техникалар, қайықтар, мотопомпалар да құтқарушылардың жұмысын жеңілдетті. Атырау облысына қажетті 50 мың қап жеткізілді.

Осы игі істердің жалғасы ретінде «Торғай Петролеум» акционерлік қоғамы Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Батыс және Солтүстік Қазақстан облыстарына 50 млн. теңгенің 120 тонна қайырымдылық көмегін жіберді.

# АВТОВОКЗАЛ - ҚАТЫНАС, САУДА-САТТЫҚ, ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС

Соңғы жылдары Сыр өңірінде барлық саланың материалдық-техникалық базасын, оның ішінде автопаркін жаңартуға басымдық берілуде. Қызылорда қаласындағы қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін жаңадан 300 автобус, мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника, ветеринария саласының мамандарына 30, құқық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік, төтенше жағдайлар қызметіне 17 арнайы техника алынды. «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына ең қажетті деген заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді. Биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік сатып алынбақ.

Қала тұрғындарына арзан бағамен тасымал қызметін көрсететін 100 экотакси 1 млрд. теңгеге алынуда. Электр қуатымен жүретін көліктер ортақ желі арқылы жұмыс жасап, жолаушыларды діттеген жеріне қауіпсіз жеткізеді.

Өткен жылы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн. теңгеге жуық қаржыға тоғыз жолдың торабындағы бас қақпа теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Аумағы абаттандырылып, жаңадан жарық шамдар орнатылды. Жақында «Қызылорда-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызына 44 заманауи вагон алынып, толығымен жаңаланды.

«Болат Өтемұратов» қорының қолдауымен 17 млрд. теңгеге жуық қаржыға «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы халықаралық талаптарға сай етіп салынды. Ғимарат жақын арада пайдалануға берілмек.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының сол жағалауында бой көтерген заманауи үлгідегі жаңа автовокзалдың ашылу рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын құттықтады.



– **«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында «Көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс» деген болатын. Автобустармен жолаушы тасымалдау – үлкен сұранысқа ие қызмет. Жолаушылар мен жүк тасымалын ұлғайту, қызмет сапасын жақсарту мақсатында өткен жылы жаңа автовокзал салу жөнінде шешім қабылданып, Сырдың бас шаһары тағы бір әсем, заманауи нысанмен толықты. Құрылысшыларымыздың құрыш қолынан шыққан осы ғимараттан аттанған жолаушылардың жолы ақ, сапары сәтті болсын! Аймақ экономикасының кірісін еселейтін көліктер легі толастамасын! Ел мен елдің, ағайын мен туыстың арасын жалғайтын татулықтың тұтқасы, сауда-саттық пен іскерлік байланыстың алтын көпірі болсын!»**, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Қызылорда облысының Құрметті азаматы Айтбай Көшербаев жерлестерін құттықтады. Сондай-ақ нысан құрылысын сапалы жүргізуге атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жаңа автовокзал халықтың талап-тілегі мен сұранысына сай бюджет қаржысы есебінен 975 млн. теңгеге салынды. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай қарастырылған. Жолаушылар автовокзалдан халықаралық және түрлі бағыттағы 38 маршрут бойынша сапарға шыға алады.

# САҚТАНДЫРЫЛМАҒАНДАР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін іске асырудағы өзекті мәселелердің бірі – халықты жүйелі түрде сақтандыру болып табылады. Бүгінде Қызылорда облысында аталған жүйеде сақтандырылған азаматтар саны – 695 мыңнан асады. Тиісінше, бұл жалпы халықтың 85 пайызын құрап отыр. Ал, сақтандырылмаған азаматтардың жалпы үлесі 15 пайыз. Дегенмен, нәтижелі атқарылған жұмыстардың арқасында МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтар саны айтарлықтай төмендеп келеді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов хабарлады.

-Өздеріңіз білетіндей, қазіргі таңда МӘМС жүйесіне азаматтарды сақтандыру шаралары қарқынды жүруде. Жыл сайын медициналық сақтандыру қаражаты есебінен тұрғындарға кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология, онкология және хирургия бойынша оталар тегін жасалуда. Мәселен, былтыр біздің аймақта 55 кардиохирургиялық, 36 нейрохирургиялық, 18 урологиялық және 6 травмотологиялық оталар жасалды. Бұдан бөлек, МӘМС жүйесіндегі басым бағыттардың бірі оңалту қызметтері де халыққа тұрғылықты қызмет көрсетуде. Жыл сайын оңалту қызметтерін алу мүмкіндігі жақсарып, медициналық құрылғылардың да, емдеу әдістерінің де саны артып келеді. Оңалту қызметтерін көрсету үшін былтыр 40 медициналық ұйыммен келісім шарттар жасалды. Сонымен қатар стоматологиялық көмек көрсету қызметтері де сәтті жүзеге асырылуда. Былтырдан бастап әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стоматологиялық қызмет көрсету үшін арнайы клиникалармен тікелей келісімшарттар жасай бастады. Бұрын бұл келісімдер емханалар арқылы жасалған еді. Сонның арқасында биыл 61 медициналық ұйым




стоматологиялық қызмет көрсетеді. Оның ішінде 10 – мемлекеттік, 51 - жекеменшік медициналық ұйым. Осылайша емделушілер тікелей стоматологиялық клиникаларға жолдамасыз жүгіне алады, тек әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарты болуын нақтылау қажет, - деді Бақыт Торғайбайұлы.

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте «Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу – біздің саясатымыздағы негізгі басымдықтың бірі. Заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек» деп атап өтті. Сондықтан қоғам дерті болған сыбайлас жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түспейді. Оның алдын алу бағытында нақты шаралар жүзеге асырылып, оған жол бергендер зардабын тартуда. Мұны болдырмау тұрғысында келелі жиындар әрдайым өткізіліп келеді. Сырдария ауданындағы әрбір мемлекеттік орган осы бағытта жұмыс жүргізуде.**

Сырдария ауданы әкімдігімен №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру жобалық картасы бекітілді. Онда 4 жоба қамтылған. Атап айтқанда «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау», «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» жобалар тобы бойынша жеке-жеке тапсырмалар, олардың орындалуы, яғни басталу, аяқталу мерзімдері белгіленген.

Айта кету керек, №4 Үлгілік базалық бағыт жобасы 2023 жылы аудан әкімі аппараты мен аудан әкімдігіне қарасты дербес бөлімдерде, яғни барлығы 9 мекемеде жүзеге асырылса, ағымдағы жылы кент және ауылдық округ әкімінің аппараттары мен оларға бағынысты квазимемлекеттік сектор субъектілері де қамтылып, барлығы 39 мекемеде жүзеге асырылатын болады.

Бекітілген жобалық карта негізінде аудандық бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдардың және оларға бағынысты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілді. Кестеге сәйкес дербес бөлімдер, кент және ауыл әкімдіктері, оларға бағынысты квазимемлекеттік сектор ұйымдарында ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, жемқорлықты болдырмау бағытында ақпараттық түсіндірмелер жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 4 рет құқықтық оқыту ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған шаралардың барлығы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттандырылды. Оған қоса Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жобасы бойынша аудан әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілімен барлық жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен **3 семинар-кеңестер** өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында және ішкі талдаудың сапалығына ерекше мән беру қажеттілігі бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

Жалпы ауданда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бағытында жүелі жұмыстар жүргізілуде. Қоғам дертімен күресте қоғам болып атсалысуымыз керек.

**Берік СӘРМЕНБАЕВ,**
**Сырдария ауданының әкімі**

# КЕНЕДЕН ҚАУІП КӨП...

Конго-Қырым қызбасы көктем мен жаз мезгілдерінде өршиді. Ауру белгілері кене шаққаннан кейін бір апта ішінде білінеді. Бүгінде облыста 48 күдікті жағдай анықталып, оның 13-нің диагнозы расталды. Қазіргі таңда аталмыш ауруға қарсы залалсыздандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова хабарлады.




– Қазіргі таңда облысымызда Конго-Қырым қызбасының алдын алу шаралары басталды. Бүгінде облыс бойынша 115 елді мекен қолайсыз деп танылды. Атап айтқанда Аралда 11, Қазалы мен Қармақшыда 16, Жалағаш пен Сырдария 11, Жаңақорғанда 18, Шиеліде 20, Қызылорда қаласында 12 елді мекен есепке алынды. Сондықтан кенеден қауіп көп деген сөз. Яғни, біздің климаттық жағдайымыз осы кенелердің өмір сүруіне өте қолайлы болып есептеледі. Әсіресе, далалық аймақта жұмыс істейтін адамдар үшін ауру жұқтырып алу қаупі арта түседі. Бұл ретте сақтық шараларының қатаң орындалуы аса маңызды, - деді Әлия Мүтәліпқызы.

Брифинг барысында жауапты сала мамандары Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы жүргізіліп жатқан шараларға тоқталып, қолға алынған негізгі шаралар туралы баяндады.

– Биыл өңірде кенелерден қолайсыз аймақ ретінде 115 елді мекен анықталған болатын. Осы аймақтарда көлемі 2 886 841 м құрайтын қора және 762 992 бас мал саны бар. Осы қолайсыз елді мекендерді залалсыздандыру жұмыстары 9 сәуір мен 8 маусым аралығында жүргізіледі. Сондай-ақ, арнайы «ЦИПЭК-10%» препараты қолданылатын болады. Қазіргі таңда Жаңақорған және Шиелі аудандарында залалсыздандыру жұмыстары басталды, - деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Марат Ердәулетұлы.

– Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының жасырын кезеңі 2-14 күн. Науқас адамның қаны арқылы жұққанда 9 күнге дейін қысқаруы мүмкін. Негізгі клиникалық белгілері: науқастың дене температурасының кенеттен 39-40 градусқа дейін көтерілуі, қатты бас ауруы, көздің қызаруы және мойын, арқа, бел ауруы, жүрек айну немесе құсу, іштің ауыруы. Аурудың одан әрі дамуымен қан қысымы, бетте, мойында және дененің жоғарғы бөлігінде бөртпелердің пайда болады. Сондай-ақ, мұрыннан, қызыл иектен, асқазаннан, жатырдан қан кету, инъекция орындарында көгерулер пайда болады. Сондықтан далалық аймақтарда жүргенде барынша сақтанған абзал, - деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова.

– Осы елді мекендерді кенеге қарсы ветеринариялық препараттармен егу жұмыстары басталды. Өткен жылы 194,4 мың бас ауылшаруышылығы жануары кенеге қарсы егілді. Сонымен қатар, басқарма тарапынан залалсыздандыруға арналған барлық қажетті препараттар сатып алынып, тиісті елді мекендерге жолданатын болады, - деді облыстық ветеринариялық басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

# ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Биылғы жылдың 10 сәуірінен бастап облыс бойынша 2023-2024 жылғы жылу беру маусымы аяқталды. Жылу беру маусымында өңірдегі 1 995 нысан тұрақты түрде жылу энергиясымен қамтылып, тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Ізмағамбетов хабарлады.

– Облыс бойынша жылу беру маусымы тұрақты өтті. Дегенмен, қазіргі таңда алдағы жылу маусымына дайындық пен оны өткізу жөніндегі облыстық штаб құрылды. Осыған байланысты барлық жауапты кәсіпорындардың дайындық жұмыстарының кестесі бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілетін болады. Биыл жылу желілерін жаңғырту бойынша республикалық бюджеттен 6 жобаға 6,7 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға 9,5 шақырым жылу желілері жаңғыртылатын болады. Сондай-ақ, кәсіпорын тарапынан 3,5 шақырым болатын жылу құбырлары ауыстырылады, - деді Бауыржан Ізмағамбетов.

– 2023-2024 жылу беру маусымында Қызылорда қаласын үздіксіз жылумен қамтамасыз еттік. Жалпы, Қызылорда қаласы бойынша 199,05 шақырым жылу желілері бар. Бүгінде олардың тозу көрсеткіші 45,1 пайызды құрап отыр. Қала бойынша орталықтандырылған жылу жүйесіне барлығы 1 621 нысан қосылған. Оның ішінде 808 көпқабатты тұрғын үй, 262 жеке тұрғын үй, 50 мектеп пен 308 шаруашылық нысаны, сонымен қатар, бірнеше мекеме бар. Сондай-ақ, қаладағы жылу желілерінің тозу көрсеткішін азайту мақсатында жалпы ұзындығы 9,5 км құрайтын жылу желілерін қайта жаңғырту жоспарлануда. Ол үшін тиісті қаржы бөлініп, мердігер мекемелер анықталды. Айта кетейін, 2024 жылдың 15 сәуірінен мамырдың 15-іне дейінгі уақыт аралығында қаладағы жылу желілерінде 16 кгс/см2 дейінгі қысыммен магистральдық және 12 кгс/см2 ауданаралық жылу құбырларының тығыздығына гидравликалық сынақ жүргізіледі. Сонымен қатар қаланың оңтүстік ауданындағы жылу желілерінде де ең жоғары температуралық жылу тасымалдағыш сынағы өткізіледі,- деді Қызылорда жылу электр орталығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директорының міндетін атқарушы Наурыз Сатханов.

# БІРІНШІ СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАУ ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҰЗАРДЫ

Биылдан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдау тәртібіне өзгеріс енгізілді. Тиісінше, Egov.kz «Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы шағын мөлтек аудандардағы білім беру ұйымдарын автоматты түрде таңдау қарастырылған. Осы арқылы сынып жинағы да автоматты түрде жинақталады. Сондай-ақ «электронды үкімет» порталы арқылы білім беру ұйымымен келісім шарт электрондық форматта жасалатын болады. Жалпы, облыста бірінші сыныпқа құжат қабылдау 1 сәуір мен 31 тамыз аралығында жүргізіледі. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердаулетов хабарлады.

- Осы жылы бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау мерзімі 31 тамызға дейін ұзартылды. Қазіргі таңда балаларды бірінші сыныпқа қабылдау тәртібіне енгізілген өзгеріске байланысты ата-аналарға тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Ал білім беру ұйымдарында арнайы E-gov өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жасақталған. Биыл облыс бойынша 2024-2025 оқу жылына 17 448 бала бірінші сыныптың табалдырығын аттайды деп жоспарлануда. Оның ішінде қазақ тілінде оқитын оқушылар саны – 16 345 бала болса, орыс тілінде білім алатын балалар саны – 1 103 құрайды. Дегенмен, балалардың мектепке дайындығы да аса маңызды. Осы ретте балабақша немесе білім беру ұйымдарының даярлық тобында тәрбиеленбеген балалар үшін тамыз айында өңіріміздегі барлық мектептерде дайындық сыныптары жұмыс істейтін



болады. Бұл өз кезегінде оқушылардың қыркүйек айынан бастап сабақ процесіне кедергісіз енуіне мүмкіндік жасамақ, - деді Бағдат Қамбозұлы.

Қызылорда қаласында үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар білім беру ұйымдарында үш ауысымды оқытудың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылданды. Мәселен, аталған білім беру ұйымдарына қосымша құрылыс нысандары салынып, балалардың санына орай сынып кабинеттері жасақталды. Сондай-ақ, бірінші сыныпқа қабылдау реттілігі 9,11 сынып бітірушілердің санына қарай сынып жинақтау тапсырылды.

# ӨРТ 9 ПАЙЫЗҒА АЗАЙҒАН




Өрт – аса қауіпті тілсіз жау. Одан сақтану күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі. Өңірде өткен жылмен салыстырғанда өрт оқиғасы 9 пайызға азайған. Десе де бұл жағдайға бей-жай қарау керек дегенді білдірмейді. Мәселен сәуір айында салаға жауапты мамандар өрттің қауіпті кезеңіне дайындықты пысықтау мақсатында 6 өрт-тактикалық жаттығу ұйымдастырған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков мәлімдеді.

– 2024 жылдың 20 наурызынан бастап облыста өрт қауіпті маусымның басталу күні болып белгіленді. Осыған сәйкес, сала мамандарымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде облыстық комиссия отырысы өтті. Отырыста өртті сөндіру, табиғи өрттің алдын алу туралы талқыланып, нақты тапсырмалар берілді. Сонымен қатар биыл орман қорымен шектесетін елді мекендер, теміржол мен автожол жағалауларында облыс бойынша барлығы 6 140,6 шақырымға минералды жолақтар жүргізу жоспарланған. Қазіргі таңда оның 100 шақырымына жүргізілсе, қалған бөлігі өрт қауіпті маусым аяқталар уақытқа дейін жүргізіледі. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметі, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметімен бірлесіп қала және аудандар бойынша 10 мобильді топ құрылды. Бүгінде олар рейдік шаралар жүргізілуде. Одан бөлек, облыстағы шалғай аудандарда орналасқан елді мекендерде де өртке қарсы құрылым жасақталды. Жалпы, өрт оқиғаларының жиі орын алуына әсер ететін фактілердің бірі тұрғындардың өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауынан пайда болады. Осы орайда облыс тұрғындарына өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға кеңес береміз,- дейді басқарма басшысы.

# МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР-ӨМІР САПАСЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше турде олардың құқықтарын, бостандықтары мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады өмір сапасы болып табылады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі.

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда.Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

«Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».

«Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділіктерін қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар және «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» талапқа сай қажетті техникалық құралдармен жабдықталған.

Қызмет алушылардың хабардарлығын арттыру мақсатында кестеге сәйкес, түсіндірме-семинар, кездесулер өткізіліп отырады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру өте маңызды. Алдағы уақытта, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру, сапасы мен қолжетімділігіне мән беру, үнемділік пен тиімділік қағидаттары басты назарда болады.

**«Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АДАЛ МІНДЕТ

Бүгінгі күн талабы – Мемлекеттік қызметші өз қызметін адал атқаруы, кәсіби маман ретінде біліктілік танытуы маңызды.

«Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір қызметшінің отаншыл, адал болуы және өз ісіне жауапкершілікпен қарауы өте маңызды. Сіздер ел игілігіне қызмет етудің озық үлгісін көрсетесіздер деп сенемін». Бұл - ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздегі барлық мемлекеттік қызметшілерге артқан сенімі, әрі қоғам артып отырған жауапкершілік. Әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметімен халық сенімінен шыға білуі керек.

Басты міндет – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіру. Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде мемлекеттік қызметшілермен өткен жиындарда, қызмет барысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, Әдеп кодексін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін басшылыққа алумен қатар, мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған азаматтарға мемлекеттік қызметтің маңызы мен қызметтік әдеп нормаларын, мемлекет пен халық алдындағы жауапкершілікті түсіндіруге, насихаттауға ұмтыламыз.

Өз кезегінде ай сайын қалалық дербес бөлімдер, кент, ауылдық округі әкімі аппараттарында жоғарыда аталған заң нормаларын қатаң сақтау, жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары бойынша талдау жүргізіп, қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, атқарылған ауқымды ақпараттық-насихаттық жұмыстармен қатар, ұжымдық мәдениетті қалыптастыруда қызметшілердің талап-тілектерін ескеру бағытында уәкіл тарапынан өткізілетін сауалнаманы талдау арқылы ұжымдарда өзара конфликтілік жағдайлар орын алмағандығын атап өткім келеді.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыру бойынша кәсіби лекторларды, мемлекеттік қызмет саласында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагер, қоғам қайраткерлерін тарта отырып, кеңейтілген форматта кездесулер, семинар-тренингтер өткізуді жоспарлап отырмыз.

Мемлекеттік қызметші өзінің тұлғалық болмысын толықтырып, қоғамға үлгі болуы қажет. Халқымызда «Елге жасаған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан ұрпаққа жетеді» деген қанатты сөз бар. Әрбір мемлекеттік қызметшіні өз қызметтік міндеттерін кәсібилікпен, әрі адал атқаруға шақырамын.

**Тасқараев Мұрат Ибрагимұлы,**
**қала әкімі аппаратының басшысы,**
**Әдеп жөніндегі уәкіл.**

# ҚАЛАҒА АЯҚ СУ КЕЛДІ



***Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов "ҚоғамTV"-ның өткен айдағы «Әкім сағаты» бағдарламасына берген сұхбатында қалаға аяқсуды көктемде ертерек береміз деген болатын. Осы ретте қазір қалаға аяқсудың қалай беріліп жатқандығын көзбен көру үшін қаланы аралады.***

Қаладағы Жібек жолы мен Сарқырама, Табиғат және басқа да каналдар өткен айда толық тазаланды. Қазір қалаішілік арық жүйелерін тазалау жұмыстары жүргізілуде. Жалпы қалаға Сырдария өзені және каналдар арқылы арнайы 19 жерден насос қондырғысымен аяқсу беру жоспарланып, жүзеге асуда. Атап айтқанда насос қондырғыларының 3-уі дизельдік отынмен, 16-сы электр жүйесімен жұмыс істейді.

Бүгінде Жібек жолы каналы бойындағы және Сыр ана монументі жанында орналасқан су сорғыш қондырғылары арқылы қалаға аяқсу берілуде. Қала әкімі барған бірінші нысан Жібек жолы каналы болды. Оның бойында орналасқан су сорғыш қондырғысы арқылы Назарбаев, Астана даңғылы және Сырдария шағын ауданы, шамамен 6 шақырым болатындай каналдар мен арық жүйелері аяқсумен қамтылуда.

- Жыл басында «сәуір айында қалаға аяқсу беріледі» деп халыққа уәде берген едік. Міне, сәуір айынан бастап аяқсу беріле бастады. Негізі қалада 7 канал бар. Атап айтсақ, Жібек жолы, Сарқырама, арғы бетте Қызылжарма тағы да басқа каналдар бар. Бүгінде барлық арық жүйесі тазарды. Аяқсу беріле бастады. Осы кезде ағаштар да көктеп тұр. Соның бәрі аяқсумен қамтамасыз етілгеннің нәтижесі, – дейді қала әкімі.

Сонымен қатар шаһар басшысы Сыр ана монументі жанындағы су сорғыш қондырғысының жұмыс барысымен танысты. Бұл қондырғы арқылы С.Бейбарыс көшесі және Береке саяжайы, шамамен 1,5 шақырымды құрайтын каналдар мен арық жүйелері аяқсумен қамтылады. Қазіргі күні Тұңғыш Президент атындағы саябақ және Тәуелсіздік даңғылы бойында орналасқан су сорғыш қондырғыларын орнатып, аяқсумен қамтуға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2022-2023 жылдар аралығында 27 бұрғылау жұмысы жүргізілген ұңғымалармен қатар бұрыннан аяқсу беріліп келе жатқан ұңғымаларды да аяқсумен қамту мақсатында оларды электр жүйелеріне қосу қолға алынған. Оған қоса 10 ұңғыма аяқсу беруге толық дайын.

С.Бейбарыс көшесінің бойында былтыр егілген ағаштар бар. Ол ағаштарға аяқсу қалай барады десеңіз, арыққа арнайы құбыр қазылып, әр ағаштың тұсынан аяқсу жіберіліп отыр. Бұл да тиімді әдіс.

- Әр арықтың ішінен осындай құбырдан шүмек қалдырсақ, барлық ағашқа бірдей аяқсу барады. Алдағы уақытта біз қаланың әр көшесінің бойына түрлі ағаш егіп, осы жүйені пайдаланғымыз келіп отыр. Мәселен, бір көшенің бойына жиде, екінші көшеге өрік секілді біздің аймаққа жерсінетін ағаштарды отырғызуды қолға алсақ, Қызылорда жасыл қалаға айналары сөзсіз, - дейді қала әкімі.

Шаһар басшысының айтуынша, бұған дейін айналасын көгалдандырғысы келген тұрғын талға суды ауыз су жүйесінен шелекпен құятын. Енді аяқсудан аса қатты мәселе туындамайды.

Жыл басында қалада «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды. Бұл мекеменің міндетіне каналдар мен арық жүйелерін тазалау, жерасты ұңғыма және насостар арқылы аяқсу беру, сквер, аллеялар мен орталық көшелердегі гүлзарларға гүл егу, көгалдарды күтіп ұстау, қураған ағаштарды кесіп, балақтау кіреді. Осы аталған жұмыстар басталып та кетті. Қала әкімі арнайы тұқымбаққа барды.

- Енді қаланың өз тұқымбағы болады. 3 гектар жерді алып тұрған тұқымбақтың 1,4 гектарына арық қазылып, аяқсу жіберіле бастаған. Айналасы қоршалған. Себебі мал кірмеуі керек. Әзірге бұл жаққа Сыр талы мен терек отырғызылуда. Кейін жидені де қосу керектігін тапсырдым. Ал келер жылы бұл көшеттер дайын болады. Сол кезде осы жерден алып, қаланың керек жеріне еге береміз. Нәтижесінде бұрынғыдай басқа жақтан сатып алып жүрмейміз. Біріншіден, ақшаға тиімді. Екіншіден, өзіміздің тұқымбақтан шыққан көшеттер бірден жерсініп, көктеп кетеді-деді.

Бұдан бөлек, қала аумағына биыл көктем айларында 8000 ағаш егу жоспарланып отыр. Оның ішінде ауа райына қолайлы, құрғақ, ыстық, шөлге төзімді Сыр талы, терек, қарағаш және сәндік ағаш көшеттері отырғызылмақ. Сәндік ағаштарды С.Бейбарыс көшесіндегі облыс әкімшілігі мен Жақаев көшесіндегі қала әкімдігі ғимараттары мен Өнер орталығы, Арзан базар аумақтарына, Мұратбаев көшесіндегі Орталық стадион жанына, Сағынбаев және Қорқыт ата көшелеріне егу жоспарланып, қазіргі таңда жұмыстың 60 пайызы орындалды, яғни 4800 көшет отырғызылды.

Биыл қалада біршама көше жөндеуден өтеді. Қала әкімі аралау барысында "Сыр самалы" көшесін салу жұмысымен танысты. Бұл жұмысты «Қыран» ЖШС атқаруда.

- Қазір қалада 35 көшеге орташа жөндеу, 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар арасында төрт жолақты етіп, қайта жөндеуден өтетін көшелер де бар. Оған қоса бір көше жаңадан салынуда. Бұл – Сыр самалы деп аталады. Көше салынып біткен соң оның айналасын реттеу жұмысы да жүргізіледі. Себебі көше жиегі күл-қоқысқа толы және қамыс өскен. Жарық бағаналары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ каналға жақын болғандықтан мал қора салып, мал өсіріп отырғандар да бар. Бірақ алдағы уақытта заңға сәйкес оның бәрі реттеледі, - дейді, қала әкімі С.Қожаниязов. алынады.

Шаһар басшысы "Ақмешіт" шағын ауданындағы айналма көпір маңындағы аяқсу мәселесіне зер салды. Бұл жақтағы мәселе тұрғындарға аяқсу толығымен бармайды. Өйткені аяқсу жүретін жол бітеліп қалған. Тек бергі жағын ғана қамтып отырған жайы бар. Алайда қала әкімінің айтуынша, бұл мәселе де назардан тыс қалмайды, бітелген жол қайта ашылады.

- Қаланы жасыл аймаққа айналдыру үшін ең алдымен аяқсу мәселесін шешіп алу керек. Егер қаланың барлық аумағы аяқсумен толық қамтылса, көгалдандыруымыз қажет. Бұл – бәрімізге ортақ игі іс, – деп қала әкімі қала аралауын қорытындылады.

**Мұхаммедшах КАЮП**

# КӨП БАЛАЛЫ АНАНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Сегіз бала тәрбиелеп өсірген Райхан есімді ана 2011 жылы Президент Жарлығымен «Алтын алқа» иегері атанған. 2012 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу үшін кезекке тұрған. Алайда, 10 жылдың көлемінде кезегі алға жылжымай, соңында көп балалы аналардың тізімінде тіпті жоқ болып шыққан. Тұрғын үй инспекциясы оның «Алтын алқамен» наградталғандардың тізіміне қойылмағанын айтып, бұл тізімге өту үшін қайта өтініш беруді сұраған. Көп балалы ана мұнымен келіспей, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жүгінеді. Сот оның талабын қанағаттандырып, тұрғын үй инспекциясының әрекетін заңсыз деп таниды.

Алайда, Инспекция шешіммен келіспей, апелляциялық шағым берген. Онда «Алтын алқа» иегері Райханның тұрғын үй кезегіне зейнеткер санаты бойынша өтініш бергенін, тұрғын үй кезегінің тізімін ауыстыру техникалық тұрғыда мүмкін еместігін көрсеткен.

Белгілі болғандай, көп балалы ана 2012 жылы өтініш берген, бірақ, сол кездегі заңнама бойынша өтініш нысанында кезекке тұру кезінде нақты санатты көрсету көзделмеген. Ол уақытта арызданушы тұрғын үйге мұқтаж адам есебінде кезекке қоюды сұрап, өтініш беретін болған. Көп балалы аналарға бөлек тізім жасау туралы норма 2019 жылғы 6 мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен енгізілген.

Осы ретте «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға да өзгеріс енгізіліп, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарды «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға сәйкес, тұрғын жаймен бірінші кезекте қамтамасыз ету көзделген. Яғни, көп балалы аналар тұрғын жаймен бірінші кезекте қамтамасыз етілуге жатады және оларға бөлек тізім бойынша пропорционалды түрде бөлу тәртібі қолданылмайды.

Апелляциялық сот «Алтын алқа» иегерінің тұрғын үйді бірінші кезекте алуға құқығы бар, оны іске асыруға техникалық мүмкіндіктің шектеулі болуы кедергі болмау қажет деген тұжырымға келді. Осылайша, тұрғын үй инспекциясының шағымы қанағаттандырусыз қалдырылды.

**Ш.МАЛИКОВА**
**Қызылорда облыстық сотының судьясы**

## Қызылорда облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ш.ҚОЙШЫБАЕВ:

# "ЧИП САЛУҒА МӘЖБҮРЛЕМЕЙМІЗ..."

**– Бүгінде облыс бойынша ветеринарларға сұраныс қандай? Кадр тапшылығы кездесе ме? Қазіргі жастар бұл салаға қаншалықты қызығады?**

– Ветеринария – өте ерекше сала. Барлық ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде ет-сүт өнімдерінің таза болуы осы ветеринарияға тығыз байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы Жолдауында ветеринария саласын жетілдіруді, нақтырақ айтқанда, саланы цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, сонымен қатар, тиісті мамандар даярлап, олардың жалақысын көбейту жөнінде де тапсырма берді. Бүгінде бұл шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Соның арқасында қазір жастардың да ветеринар мамандығына деген қызығушылығы артып келеді. Өңірде 749 маман жұмыс істесе, соның 45 пайызын жастар құрайды. Мойындау керек, бір кездері сала мамандарының жалақысы төмен болды. Алайда, 2022 жылы аймақ басшысының қолдауымен ветеринария саласы қызметкерлерінің жалақысын 40 пайызға артты. Бұл салаға үлкен серпіліс, әрі қолдау болды. Сондай-ақ, өткен жылы мамандардың сібір жарасы, бруцеллез, аусыл аурулармен жұмыс істейтіні жоғары орындарда дәлелденіп, биологиялық қауіпсіздік туралы заңға өзгеріс еніп, аса қауіпті аурулармен жұмыс істейтін мамандардың айлық жалақысы тағы да 50 пайызға артты. Сондықтан қазір мамандар салаға тұрақталды деуге болады.

**– Қазіргі таңда облыстағы мал саны қанша? Өзге өңірлермен салыстырғанда Қызылорда облысы мал саны бойынша нешінші орында?**

– Бізде 1 миллион 400 мың бас мал бар. Өзге өңірлермен мал санын салыстырмаймыз. Біздің басты мақсатымыз – қолда бар малдың ауырмауын қадағалау. Оларды сырғалап, дер кезінде төлдерін бірдейлендіруді қамтамасыз етеміз. Мәселен, биыл ақпараттық жүйеге 1 398,2 мың бас ауыл шаруашылығы жануарлары тіркелді. Оның ішінде 387,4 мың бас мүйізді ірі қара, 707,9 мың бас уақ мал мен 242,7 мың бас жылқы және 60,2 мың бас түйе бар. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсім бар. Жоғарыда айтып өткенімдей, біз бірінші кезекте төрт түліктің ауырмауына баса назар аударамыз. Ал, ауырған жағдайда оған дәл диагноз қою және дер кезінде емдеп жазу ветеринар маманның сауаттылығын, тәжірибесін талап етеді. Саланың қиындығы да осында. Десе де біздің мамандар әрдайым өздерінің білімділігі мен біліктілігін дәлелдеп келеді.



*Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ветеринария саласын дамыту бағыттарын атап өткен болатын. Осыған орай өңірде аймақ басшысының қолдауымен ветеринарияны жандандыруға айрықша басымдық берілуде. Осы ретте Өңірлік коммуникациялар қызметінің журналисі Жәния Төребекованың облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаевпен арнайы сұхбатын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.*

**– Қазіргі таңда төрт түлік арасында қандай ауру жиілеп тұр? Оларды болдырмау үшін және алдын алу мақсатында жылына неше рет екпе егіледі? Сонымен қатар қажетті тегін препараттар жеткілікті ме?**

– Біз әр жыл сайын республика бойынша қалыптасқан жағдайды зерттеп, облыстарды салыстыра отырып және өзіміздің Батыс Еуропа-Батыс Қытай көлік жолында орналасқанымызды ескеріп, мал тасымалының қозғалысын, яғни, сатылған, сойылған малдың қай жақтан келгенін зерттеп, соған қарсы жұқтыруы мүмкін ауруларды анықтаймыз. Біздің саланың ерекшелігі де осында: біз малды ауырғаннан кейін емдемейміз. Керісінше, сол аурудың алдын алу мақсатында алдын ала вакцинация жұмыстарын жүргіземіз. Сондықтан, жыл басында аса жұқпалы 14 түрлі ауруға вакцинация қойып, тиісті мамандармен іс-шараны бекітеміз. Республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға дәрі алынып, ауыл шаруашылығы жануарларына тегін егілетін болады. Одан бөлек, жылына екі рет бір жасқа толған төрт түліктен қан алынады. Қан талдау малдың бруцеллез ауруына шалдыққаны, шалдықпағаны туралы ақпарат береді. Бруцеллез ауруы - өте жұқпалы. Оның бүкіл әлем бойынша емі әлі табылған жоқ. Ол адамға тек малдан жұғады. Бұл ауруды вакцина салып қайтару мүмкін емес. Оның етін, сүтін тұтынуға болмайды. Егер төрт түліктің қанынан бруцеллез ауруы анықталған жағдайда оны арнайы орынға апарып жою жұмыстары жүргізіледі. Ал, мемлекет мал иесіне шығынды ақшалай өтеп беретін болады. Сонымен қатар, мал арасында аусыл деген ауру бар. 2017 жылға дейін Қызылорда облысы «буферлік аймақ» деп саналатын. Яғни, біздің өңірдің еті сыртқа шығарылмай, тек өзіміз тұтынатынбыз. Бұған аусыл ауруы себеп. Алайда, аусылға қарсы жасалған жүйелі вакцинация шараларының арқасында 2017 жылы буферлік аймақтан толықтай арылдық. 2023 жылы Дүниежүзілік жануарлар әлемі ұйымы біздің аймаққа тағы да аусылдан таза деген мәртебе берді. Қазір аусылдан таза аймақ қатарындамыз.

**– Кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы жануарларына чип салдырып, электронды түрде таңбалау әдісі пайда болды. Мұны біздің өңір де іске асыруда. Бұл мал иелері үшін қаншалықты пайдалы? Мұның жануарлар денсаулығына тигізер кері әсері жоқ па?**

– Барлық төрт түлік ауыл шаруашылығы жануарларының ақпараттық жүйесінде тіркеледі. Ірі қара, уақ мал сырғамен белгіленсе, тек жылқы ғана чиппен белгіленеді, немесе таңбаланады. Өзіңіз айтып отырғандай, чип салдыру кейінгі 4-5 жылдың көлемінде шықты. Оған дейін жылқыны қазақы әдіспен таңбалайтын. Сосын сол таңбаның нөмірімен жеке тұлғаның аты-жөнімен базаға тіркелетін. Бүгінде адамдардың жартысы таңбалау әдісін қолданса, қалған жартысы чип салдырады. Біз ешкімді чип салуға мәжбүрлеп көндірмейміз, ол мал иесінің қалауымен, өз еркімен жүргізіледі. Ал, чиптеудің мал денсаулығына зияны жоқ.

**– Алдағы уақытта ветеринария саласы бойынша қандай жүйелі жұмыстар жүзеге асырылмақ? Саланың болашағына қатысты не айтасыз?**

– Негізгі мақсатымыз ауру жұқпас үшін оны уақытылы егу жұмыстарын жүргізу болып отыр. Осылайша, біз аурудың алдын алып, сақтанып отырамыз. Жалпы, ветеринардың жұмысы белгілі бір уақытқа бағынбайды. Себебі, ауылдық жерлерде таң ата мал өріске шығып, күн батар шақта ғана оралады. Ал, ветеринар сол төрт түлік таңертең өріске шықпай тұрып, немесе кешке өрістен келген соң ғана вакцинациялайды. Қан алу да осылай жүзеге асады. Қан алғаннан кейін оны уақытылы лабораторияға жеткізу керек. Бәрі термочемоданға салынып, белгілі бір температурада өткізілмесе, еңбектің бәрі зая кетеді. Күн ыстық кездері тіпті қиын. Сондай-ақ, ветеринария саласы әлі де болса қолдауды қажет етеді. Реформаға сәйкес саланы цифрландыру жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда «Tort tulik» деген мобильді қосымша қолданысқа енгізіліп жатыр. Бұл қосымшада ауыл шаруашылығы жануарларының иелері өздерінің төрт түліктері жайлы ақпаратты қосымшадан үнемі көріп отыра алады. Алайда, мобильді қосымша халыққа қолдануға жеңіл, тиімді болсын деп әлі де өңделу үстінде. Сонымен қатар бірнеше планшетке де сұраныс беріп қойдық. Сол арқылы қызметкерлеріміз қағазбастылықтан құтылып, өздерінің атқарған жұмыстарын бірден базаға тіркей алады. Бұл да біздің мамандардың жұмысын жеңілдетеді. Шынын айту керек, ветеринария бір кездері қаржыландыру мәселесі кенжелеп қалған сала болды. Бірақ, қазір аймақ басшысының қолдауымен көптеген ғимараттарға жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта құрастырмалы ветеринарлық пункт алу да жоспарда бар. Ауыл аймақтағы ветеринар мамандарға 2022 жылы 15 көлік, өткен жылы 30 көлік берілді, биыл тағы да 26 көлік беріледі. Сондай-ақ, 2022 жылы ескірген компьютерлердің бір мезетте 140-ы жаңарды. Өткен жылы тағы да 23 компьютер алдық.

**Сұхбат құрған**
**ЖӘНИЯ ТӨРЕБЕКОВА**

Кітапхана




Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

# АКАДЕМИКТІҢ КӨЗ ЖАСЫ

Біразға дейін алыстан орағытып, жасырын жайылған тор ақыры жарыққа шықты. Мәскеуден жіберілген мемлекеттік комиссия енді тікелей Сәтбаевтың өзін тергей бастады. Алдын ала қағазға түртіп, дайындап әкелген сұрақтары бар. Мәскеуліктер біле бермейтін осындағы қазақ жансыздары тімтініп жүріп тауып берген пәлелі сұрақтар:

– Сіз бидің баласы, қажының немересі көрінесіз. Бірақ партияға өтерде тегіңізді жасырып, осының бірін айтпағансыз. Неге олай? – дейді қандауырдай қадалып.

– Тексеріп көріңіздер: мен өмірбаянымда ештеңені жасырған емеспін. Менің ата-тегім партияға өтердегі арызымда да анық жазылған, – дейді Қаныш Имантайұлы.

Бірақ оған мән беріп, анықтап жатқан ешкім жоқ. Сенің шын сөзіңді де өтірікке балап, аққа қараны жапсыра береді. Осылардың төркін-тегін жақсы білетін Қаныш әуелден-ақ коммунист болуға құштар емес-ті. Жезқазғанда бас барлаушы болып жүрген кезінде де, сондағы бастауыш партия ұйымы мұны мүшелікке алуға құлшынған-ды. Сонда да Қаныш өзінің ата-тегін айтып, мүшеліктен бас тартқан. Қаныштың бидің баласы, қажының немересі екенін білген соң, ондағы белсенділер де бастапқы беттерінен қайтып, қолқалауды қойған. Көрдіңіз бе, бұлардың қатарына байдың тұқымы, бидің баласы, жалпы текті кісі өте алмайды. Демек, балшабектер партиясының кімдерден құралғанын осыдан-ақ біле беріңіз. Көпшілігі – кедей-кепшік, уызында жарымаған ұры-қары, өзгенің байлығын да, білім-қабілетін де көре алмайтын, қолына түссе өзінен артықты қорлағысы келіп тұратын кекшіл тобырлар.

Қаныш Партия мүшелігіне 1944-жылы, қырық бес жасында өтті. Онда да өтейін деп өтіп пе, академия президенті міндетті түрде коммунист болуға тиіс деп, зорлап өткізген. «Менің тегім жат, сендердің шарттарыңа толмайды» дегеніне қараған жоқ. Қажет кезінде өз ұстанымдарын белінен баса салған. Ендігі істеп отырғандары – мынау! Қаныш, бейне бұлардың партиясына ұрланып өткен жат пиғылды біреу сияқты.

– Сіз кезінде «Алаш» партиясына мүше болыпсыз ғой. Демек, ұлтшылдық дертімен жас кезінде-ақ ауыра бастағансыз... Солай ғой?

– Жоқ, бұл да жаңсақ пікір, – дейді Қаныш бірден тойтарыс беріп. – Жаңсақ болатыны, 1917-жылы «Алаш» партиясы құрылғанда, мен Семейдегі семинарияда оқып жүрген он сегіздегі жасөспірім баламын. Және сол жылы өкпеме суық тигізіп, емделу үшін қырға шығып кеткенмін. Тіпті «Алашпен» араласатындай мүмкіндігім болған жоқ.

Бірақ мұны да тыңдап жатқан кісі жоқ. Айтқан сөзің желге ұшқанмен бірдей. Сені тыңдаған болып отырады да, түк болмағандай келесі сұраққа көше салады. Осындағы баққұндес белсенділердің атсалысуымен, орталық комитеттің үгіт-насихат бөліміндегі Иван Храмков жасап берген сценарийдің сиқы осы тәріздес.

– Сіз өзіңіз ұлтшыл болмасаңыз, академияның институттарына кілең партия саясатына қарсы ұлтшылдарды қалай жинап алғансыз? Мәселен, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов сияқтылар... Одан қала берсе, академияға кілең өзіңіздің жерлестеріңізді жинайтын көрінесіз...

– Жаңағы сіздер атаған адамдар – академияға мен келмей тұрып, жұмыс бастаған ғалымдар. Әрқайсысының тарих пен әдебиетте өз зерттеу объектілері бар. «Ұлтшыл» дегенде, олар бәріне ортақ бір ғана мәселеде қателесіп отыр. Бәрін сүріндірген – 19-ғасырдағы Кенесары қозғалысы... Ұлы Отан соғысы кезінде патриоттық рухты ояту үшін, бұрынғы өткен батырлардың аруағын көтеру керек болды. 1942-жылғы Орталық Комитеттің майдандағы Совет жауынгерлеріне қаратқан үндеуінде: «Сіздерді Исатай мен Махамбеттің, Кенесары мен Наурызбайдың аруағы қолдасын» деген сөздер бар. Ал біздегі ақын-жазушылар мен тарихшылар осы ұранға өз тарапынан үн қосты, – деді Сәтбаев тергеушілердің жапсырған кінәларын кері қағып. – Ал «жерлестеріңді академияға жинапсың» дегенге айтарым: ол айтып отырғандарыңыз – Әлкей Марғұлан, Шафих Шөкин, Ә.Б.Бектұров сияқты академиктер шығар. Әсілі, бұлар да – академияға менен бұрын келгендер. Және бұлардың еңбектерінсіз бұл күнде академияны көзге елестету мүмкін емес.

Әйтеуір хаттамада жазылып қалсын демесеңіз, бұл сөздерді де көңіл қойып тыңдап отырған ешкім жоқ. Тергедік, тексердік, анықтадық деген аты ғана...

– Ұлтшыл, тарихты теріс түсіндіруші Бекмаханов сіздің айрықша қолдауыңызға ие болыпты. Сіз оны Мәскеуге арнайы жіберіп, Кенесары қозғалысы тақырыбына докторлық диссертация қорғатыпсыз...

– Иә, Бекмаханов – біздегі ең жас, әрі көп ізденетін талантты тарихшы. Ол Мәскеуде диссертация қорғап, небәрі отыз бір жасында ғылым докторы болды, – деді Қаныш Имантайұлы бұл сұраққа тіпті сүйсіне жауап беріп. – Айтпақшы, ол – біздің республикамызда тарихшылардан шыққан жалғыз ғылым докторы. Ал оның диссертацияны қалай қорғағанын Мәскеудегі ғалымдардан сұрағаныңыз жөн шығар.

– Сонымен, сіз өзіңізге тағылған айыптың бірде-бірін мойындамайтын болдыңыз ғой? Солай ма? – деп қадалды азаматша киінген КГБ-ның шегір көз майоры.

– Бұл жерде ненің – мойындау, ненің – мойындамау екенін сіздер ажырата жатарсыздар. Мен таза пәктілерді ғана айтып отырмын, – деді Қаныш қысқа қайырып.

– Жарайды, онда біз де пәктіге жүгініп көрейік, – деді майор кекете езу тартып. – Сіз осыдан ширек ғасыр бұрын «Едіге туралы жырды» қайта бастырып қана қоймай, оған алғысөз жазып, жер-көкке сидырмай мақтапсыз... Мұны не дейміз? Осыдан кейін де сізді ұлтшылдықтан ада дейміз бе?

– Иә, мен бұл жырдың әртүрлі нұсқасын біріктіріп, бұдан ширек ғасыр бұрын қайта бастырғаным рас, – деді Қаныш бірден келісіп. – Мен ол жырды алғашында Шоқанның жазбаларынан таптым. Уәлиханов жырдың көркемдік кестесіне жоғары баға берген. Мен үшін Шоқаннан биік бедел жоқ... Ал, сіздер Қазақстан Ресейге қосылмас бұрынғы, сонау 15-ғасыр оқиғасынан қандай «ұлтшылдық» тауып отырғандарыңызды түсінбедім.

Сонымен, не керек, осындай онан-мұнан құраған, ешқандай қисынға, логикаға симайтын бәтуасыз тергеу әлденеше аптаға созылды. Ғалымдардың ғылыми жұмыстары қалды жайына, күнде тергеу, күнде талқы. Не қыласың, бұл науқанда жоғарыдан басталып, төменде түйіскен екі мүдде ойдағыдай тоғысып-ақ тұр. Яғни ұлттың қаймағын қалқып, бетке ұстар зиялысын жаныштап алатын отаршылдық мүдде мен мұндайда өз жақсыларын қасқырша талайтын қазақы пендешілік. Екінші сөзбен айтқанда, талантты адамды талантсыздарға талату, білімді кісіні надандардың табанына салып беру. Несін айтасың, күні кеше ғана өзі жұмысқа алған кіші ғылыми қызметкер қазір академия президенті Қаныш Сәтбаевқа саусағын безеп, «Әй, Қаныш» деп сөйлейтін болды-ау! Ессіз байқұстар сонда аяқастынан академиктермен теңеліп кеттім деп ойлай ма екен? Теңелгеніңіз не, қазір олар өздерін Сәтбаевтан артық санап жүр...

*(Жалғасы бар)*

# БАҒА ҚЫМБАТТАМАСЫН ДЕП...

Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру шаралары тұрақтандыру қорының тауарлық интервенциялары мен айналым схемасы арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне заем беру арқылы жүргізілуде.

Бүгінгі күнге тұрақтандыру қорында **3 650,7** тонна өнім бар. Оның *43,2 тоннасы қарақұмық, 22,3 тоннасы қырыққабат, 62,6 тоннасы картоп, 137,4 тоннасы сәбіз, 150 тоннасы пияз, 1,2 тоннасы рожки, 99,4 тоннасы күнбағыс майы, 2113,6 тоннасы ұн, 3,2 тоннасы тауық еті, 817 тоннасы күріш, 193,5 тоннасы қант, 7,3 тоннасы тұз. Сондай-ақ 1671,1 мың тауық жұмыртқасы)*.

Өткен жылдың күзгі өнімінен форвардтық негізде **4 982** тонна көкөніс өнімдерін сатып алу жөнінде келісімшарттар жасалды. Бүгінгі күнге осы көлемнен тұрақтандыру қорына **1450,4 тонна өнім** жеткізілген. Қалғаны қажеттілікке сәйкес жеткізіледі.

Сондай-ақ, көктемгі маусымаралық кезеңде көкөніс өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында жаңа өнімнен «QazTrade» АҚ-ы арқылы өңірлік тұрақтандыру қорына сәуір-маусым айлары аралығына әр айға **40 тоннадан барлығы 120 тонна картоп**, **пиязға** әр айға 20 тоннадан **барлығы 60 тонна** көкөністерді алу бойынша келісім жасалды.

Бұдан бөлек Түркістан облысының дихандарымен кездесу өткізіліп, сәуір, мамыр, маусым айларында осы өндірушілерден қырыққабаттың нарық бағасынан 10-20% төмен бағада сатып алу жөнінде келісілді.

Сонымен қатар айналым схемасы аясында 8 кәсіпкерлік субъектілердің **4 325,6 тонна** өніммен қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелері белгіленіп, 1 505,9 млн. теңге қарыз берілді.

Әлеуметтік нан бағасын тұрақтандыру мақсатында тұрақтандыру қорына **7 339 тонна** ұн сатып алынды. Ұн өндіруші кәсіпорынмен сатып алынған ұн облысқа жеткізіліп, наубайханаларға таратылуда. Бүгінде қоймада **2 113,6 тонна** ұн бар болса, Рудный қаласындағы ұн өндіруші кәсіпорында әлі де алынатын **2 476,9 тонна** ұн бар.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде облыста әлеуметтік бөлке нанның орташа бағасын **99 теңге** көлемінде тұрақты ұстауға мүмкіндік болуда.

«Байқоңыр» ӘКК АҚ-ы «Жан-Арай» ЖШС-гі күріш өндіруші кәсіпорнымен егін жұмыстарын алдын ала қаржыландыру мақсатында **858 тонна** күрішке форвардтық келісім жасап, сатып алынды. Бүгінде күріш әлеуметтік дүкендер мен ірі сауда орындарындағы әлеуметтік бұрыштарда килограмы **400 теңгеден** сатылуда.

Бұдан бөлек республика бойынша күріш бағасын тұрақтандыру мақсатында «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ-ы Қызылорда облысындағы 4 күріш өндіруші кәсіпорнымен килограмы 400 теңгеден **3000 тонна** күрішпен қамтамасыз ету жөнінде форвардтық келісім шарт жасады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бері **104** жәрмеңке өткізіліп, апта сайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылуда.

# ӘКІМШІЛІК СОТ: АШЫҚТЫҚ пен ТЕҢДІК

Тәуелсіздік таңы атқан 1991 жылдан бастап жүргізілген реформалар дербес сот билігінің қалыптасуы мен орнығуына, сот жүйесінің ұйымдық негіздерінің дамуына, оны кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді жетілдіруге, демократиялық, құқықтық мемлекеттің заңдылық негізін бекітудің қажетті алғышарттары ретінде соттың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталды.

Республиканың сот жүйесі құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басты. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті. Республикада мемлекеттік билік – біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп, барлығы түптеп келгенде, ел азаматтарының Тәуелсіз мемлекетте өсіп-өркендеуіне, білім алып, еңбек етуіне жол ашатын маңызды тетіктер болып саналады.

Еліміздің сот жүйесінің негізгі қағидаттары Конституцияға сәйкес жүзеге асырылады. Ата Заңымыздың негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Сот жүйесінде сот төрелігін жүзеге асырумен қатар, соттардың қызметін ұйымдастыру да маңызды рөлге ие. Осы орайда Қызылорда соттарында судьялар мен мамандардың кедергісіз қызмет атқаруына барлық мүмкіндік жасалған. Соңғы үлгідегі компьютерлер іске қосылып, сот ғимараттары жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілген. Сот отырыстары өткізілетін залдар заман талабына сай техникалармен жабдықталып, сот процесстері аудио-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы өткізіледі.

Жаңа технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі енгізіліп, сот ісін жүргізу кезінде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып, ақпараттық технологиялар арқылы халыққа көптеген ақпараттық қызметтер көрсетіліп, сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі және ашықтығын, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімділігін одан әрі арттыруға қажетті жағдайлар жасалды. Осы орайда, күнделікті жаңартылып отыратын соттардың ресми сайттары, халыққа қолжетімді «Сот кабинеті», «Сот құжаттарымен танысу», «Сот істерін қарау кестелері», «Сотқа шақыру қағазы», «SMS-хабарлама», «Дыбыс-бейнеге жазу» жүйелері халыққа электронды қызметті тиімді көрсетіп отыр.

«Сот кабинеті» сервисі арқылы сот құжаттарын және істерді іздеуге, мемлекеттік бажды онлайн түрде төлеуге, істі қарау барысын қадағалауға болады. Одан бөлек, соттардың ашықтығының бірден-бір дәлелі танылатын сот отырыстарын аудио-бейне жазба құралдарымен түсіріп алу жүйесі қызмет көрсетуде.

Бүгінгі күні сот жүйесінде жүзеге асырылған реформалардың нәтижелерінде соттарда түбегейлі өзгерістер орын алып, соттар жариялылық пен ашықтық жағдайда нәтижелі еңбек етуде.

Сот жүйесін жетілдіруге бағытталған мемлекеттік құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданып, судьялардың дербестігін нығайтудың негізгі қағидалары айқындалды. Сонымен қатар, экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандар ісі бойынша және мамандандырылған соттар институтын дамыту мәселелері қарастырылды.

Бүгінгі күнге дейін азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы жария-құқықтық даулардың азаматтық процестік заңнама шеңберінде қаралуы қоғамның талабына сай болмағаны айқын. Мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасында дау туындағанда басымдықтың қай жақта болатынын айтып, болжам жасаудың керегі жоқ. Шын мәнінде, әкімшілік ресурсы қуатты мемлекеттік органмен соттасатын қарапайым азаматтар арасындағы айырмашылық жер мен көктей екені рас.

Осы орайда «Мамандандырылған әкімшілік соттар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы №500 Жарлығына сәйкес республиканың барлық аймақтарында мамандандырылған әкімшілік соттары құрылды. Сонымен қатар 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қызылорда облысының мамандандырылған әкімшілік соты өзінің қызметін бастады.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін» судьялар мен мамандар арасында оқыту күн тәртібінен түскен емес. Жаңа заңнаманың талаптарын түсіндіру жұмыстары соттың жоспарларына енгізіліп, мемлекеттік органдардың қатысуымен бірнеше дөңгелек үстелдер, БАҚ өкілдерімен брифингтер өткізіліп келді.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Ал, мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар осы Кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Сот әкімшілік істі қарау кезінде әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндікті қамтамасыз етуге міндетті.

Әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексімен жаңа қағидаттар енгізілді: құқықтар басымдығының қағидаты, заңдылық қағидаты, сенім құқығын қорғау қағидаты, соттың белсенді рөлі, сот актілерінің міндеттілігі, сенім құқығы заңсыз әрекеттер жасауға негіз бола алмайды.

Кодекс азаматтардың құқығын қорғаумен қатар мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы туындаған дауларда теңсіздікті жоюға бағытталған. Сондықтан, әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлі қағидаты кеңінен қолданылады.

Соттар өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинап және әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттей алады.

Сот процесінің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті. Әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинай алады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексіне сәйкес, сот актілерін орындамау процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға алып келеді. Яғни, соттар әкімшілік істер бойынша белгіленген жағайдаларда ақшалай өндіріп алуды қолданады.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап өз жұмысын бастаған Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының сот әділдігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмысына тоқтала кетсек. Жаңа кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап сотқа түскен әкімшілік істер статистикасы бойынша 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап 324 әкімшілік іс, 2022 жылы 785 әкімшілік іс, 2023 жылы 1157 әкімшілік іс түсіп қаралған болса, 2024 жылдың бірінші тоқсанында 295 іс түскен.

2024 жылдың бірінші тоқсанында сотқа 295 талап қою түскен болса, жер дауларының саны 121 істі құраған. Оның ішінде шешім шығарылған істер саны - 41, тараптардың медиация рәсімімен татуласуы арқылы 36 іс аяқталған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Әкімшілік Рәсімдік Процестік Кодексінің 138-бабының талаптарына сәйкес, қайтарылған жер даулары санатындағы істер саны 44 істі құраған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында қаралған істер бойынша жергілікті атқарушылық органдардың актілері мен әрекеттеріне дау айтудың көп бөлігі жер дауларынан туындаған.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 21-бабына сәйкес, меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жер учаскесінің меншік иесі осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген негіздерде, шарттар мен шектерде өз құқығын жүзеге асыра алады.

Осы санаттағы істерді қарау барысында сотта мемлекеттік органның, лауазымды тұлғалардың қызметінде орын алған кемшіліктер мен заңбұзушылықтар осы даулардың туындауына негіз болған.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің талаптарына сәйкес, жер алу кезегінде тұрған азаматтарға жер учаскелері алдымен екі жыл немесе үш жыл мерзімге тұрғын үй алу үшін жалға беріліп, мерзім ішінде тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін жер учаскесін оған жеке меншікке табыстау туралы екінші шешім қабылдануы тиіс.

Сотта жергілікті атқарушы орган олардың жер учаскесін жаңа мерзімге беріп, жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініштерін қанағаттандырудан бас тартқан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің актілері дауланады.

Жергілікті атқарушы орган қарапайым жер пайдаланушының тұрғын үй құрылысын салуға мүмкіндігі болмаған кезде оны мерзімінде ұзарту керектігін тиісті түрде түсіндірмеудің салдарынан осы санаттағы даулардың туындайтыны байқалады.

Елімізде әкімшілік әділет институты құқықтық мәдениетті арттырып, теңсіздіктерді болдырмау мақсатында жүзеге асырылған болатын. Бұл ретте мамандандырылған әкімшілік соттардың қызметі азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ерекше тетігіне айналады деген сенім мол.

**Г.КАЛИКОВА**

**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты әкімшісінің басшысы**

*Исполняя поручения Президента*

# СТАБИЛЬНОСТЬ ДАЕТ УВЕРЕННОСТЬ

**В числе поручений Президента страны Касым-Жомарта Токаева, данных Правительству значатся усиление работы по стабилизации цен на социальные продукты питания и интенсификации развития сельского хозяйства, активное продвижение на экспорт казахстанских товаров с высокой добавленной стоимостью.**

О том, какие меры по стабилизации цен на продовольственные товары социального значения принимаются в регионе на брифинге в региональной Службе коммуникаций рассказали руководитель управления по работе стабилизационного фонда АО «СПК «Байконыр» Серикбай Мейрамбек и руководитель областного управления сельского хозяйства и земельных отношений Талгат Дуйсебаев.

Было отмечено, что стабфонд в области формирует АО «СПК «Байконыр». Корпорация вот уже много лет подряд выступает в роли регулятора цен на самые востребованные продукты питания. Приобретая продукцию, которая наиболее подвержена сезонным скачкам цен (сахар-песок, масло растительное, масло сливочное, яйца куриные и прочее), хранит на складах и в сезон повышения стоимости отправляет ее на рынок. Подобные товарные интервенции помогают избежать ненужного ажиотажа, спекулятивных действий со стороны торговцев. Для сдерживания цен на социально значимые продукты питания используются и другие инструменты: «оборотная схема» и форвардный закуп.

На сегодня в стабилизационном фонде имеется 3650,7 тонны продукции. В том числе более 43 тонн гречки, 22,3 тонны капусты, 62,6 тонны картофеля, 137,4 тонны моркови, 150 тонн лука, 99,4 тонны подсолнечного масла, 817 тонн риса, 193,5 тонны сахара и так далее. Хранящаяся на складе продукция ежедневно доставляется и реализуется в 37 соцмагазинах и социальных уголках в 10 крупных торговых домах города по ценам ниже рыночных на 10-15 процентов.

Кроме того, заключены договоры форвардного закупа на 4 982 тонны овощной продукции осеннего урожая 2023 года. На сегодня из этого объема в стабилизационный фонд поступило 1450,4 тонны продукции. Остальная продукция будет поставлена по мере необходимости.

–Для стабилизации цен на овощную продукцию в межсезонье заключено соглашение с АО «QazTrade» на поставку с апреля по июнь 120 тонн картофеля и 20 тонн лука, – говорит Т.Дуйсебаев. – Фермеры из Туркестанской области в течение трех месяцев будут поставлять в наш стабфонд свежую капусту по цене на 10-20% ниже рыночной. Стабфонд закупает социально значимые продукты питания у местных производителей, за исключением той, что в регионе не производят. Хранится продукция на местных складах и у товаропроизводителей. На сегодня запасов социальных товаров достаточно, чтобы вовремя отреагировать на резкий скачок цен. Кроме того, глава области дал поручение акимам города и районов ежедневно осуществлять мониторинг цен, а также организовать весенние ярмарки сельхозпродукции.

Говоря о стабилизации цен на социальный хлеб, было отмечено, что стабфонд закупил у мукомольных предприятий страны 7 339 тонн муки. На сегодня в стабфонде имеется более двух тонн социальной муки, ожидается получение еще 2 476,9 тонны муки от Рудненского мукомольного комбината. На сегодня средняя цена социального хлеба в области остается стабильной в размере 99 тенге.

Что касается риса, то как проинформировал С.Мейрамбек заключен форвардный договор на финансирование посевных работ ТОО «Жан-Арай», в результате чего товарищество предоставит в стабфонд 858 тонн риса из нового урожая по социальной цене.

На сегодня в соцмагазинах и социальных уголках крупных торговых точек рис продается по 400 тенге за килограмм.

В целом, ситуация в области стабильная. Для недопущения дефицита осуществляется мониторинг на предмет своевременного поступления продукции на склады. В розничные сети товары поставляются своевременно и без задержек, имеющихся запасов ввозимой бакалейной продукции на складах достаточно для обеспечения потребности кызылординцев.

# ЧИСТОТА ГОРОДА - ЗАБОТА КАЖДОГО КЫЗЫЛОРДИНЦА



**По инициативе главы государства в стране стартовала республиканская экологическая акция «Чистый Казахстан - чистый регигон». Кызылорда не осталась в стороне от этой масштабной и полезной акции. В минувшие выходные жители города дружно вышли на общегородской субботник и совместными усилиями навели прядок в областном центре.**

В течение месяца жители города, общественники, представители неправительственных объединений, сотрудники организаций и предприятий будут проводить субботники, сажать деревья… В работе городского акимата всегда было в приоритете сделать город чище и зеленее.

Отметим, что в марте в регионе по инициативе акима области Нурлыбека Налибаева был объявлен двухмесячник, в рамках которого были очищены каналы Жибек жолы, Сарқырама, Кызылжарма и внутригородские арычные системы.

– С начала марта в городе было посажено около восьми тысяч саженцев ив, – сказал аким города Серик Кожаниязов. – Очищены арыки и каналы, по которым теперь поливная вода будет поступать к зеленым насаждениям. Для этого на реке Сырдарье установлены восемь насосных установок и подготовлены 33 подземные скважины. Созданы специальные питомники, где высажены 50 тысяч саженцев разных деревьев, в ближайшее время для создания зеленого пояса вдоль строящейся дороги «Кызылорда–Астана» высадят еще 15 тысяч саженцев ивы. В рамках акции «Таза Қазақстан» в областном центре планируется посадить 35 тысяч деревьев. Работой по содержанию зеленых насаждений города, посадке саженцев, периодической подкормке, поливу, обрезке будут заниматься специалисты недавно созданного учреждения «Жасыл-Кызылорда». Благодаря выделенным средствам из местного бюджета, а также спонсорской помощи начаты работы по благоустройству внутридворовых территорий и обновлению фасадов старых многоэтажек.

Отметим, что в прошлом году при координации акима области и поддержке спонсоров фасады 26 многоэтажных домов были облицованы панелями из современных материалов. В этом году на средства, выделенные из областного бюджета, будут облицованы и отремонтированы фасады 32 многоэтажных домов.

Кроме того, в прошлом году на средства, выделенные из областного бюджета, и за счет спонсоров благоустроены дворы 18 многоэтажных жилых домов областного центра. В этом году будут модернизированы дворы 48 многоэтажных жилых домов. За счет областного бюджета проведут уличное освещение на 54 городских улицах и установят десять новых остановок для общественного транспорта. Уборкой и благоустройством 52 скверов и аллей будут заниматься подрядные организации.

Отметим, что каждая неделя республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» будет проходить по определенной тематике. Первая – с 6 по 13 апреля – называется «Таза өлке». Жители, общественники, коллективы организаций и предприятий будут проводить уборку своих территорий, дворов. Вторая неделя – «Киелі мекен» – продлится до 20 апреля и будет посвящена работам по благоустройству территорий историко-культурных памятников. Третья – «Жасыл аймақ» – пройдет с 21 по 27 апреля, в эти дни осуществят посадку саженцев деревьев, побелят насаждения. Период до 4 мая будет носить название «Өнегелі ұрпақ» и посвящен уборке и благоустройству дворов ветеранов и территорий домов престарелых. В последнюю, пятую неделю, под названием «Мөлдір бұлақ» будут очищать от мусора окрестности водоемов – рек и озер.

Все это делается для улучшения экологической ситуации в республике. Тысячи людей выйдут на субботники и совместными усилиями очистят от мусора улицы своих городов и сел.

Коллектив областной универсальной научной библиотеки имени А.Тажибаева принял участие во второй неделе «Киелі мекен» и провел работы по уборке аллеи «Қаламгерлер». Кроме того, библиотекари очистили от мусора территорию возле бюста Абдильды Тажибаева и памятника Розе Баглановой. Поэты, писатели, читатели и сотрудники библиотеки приняли участие в этой акции и внесли свой вклад в чистоту города.

Заслуженный деятель РК Бакытбек Алпысбаев призвал всех жителей города принять активное участие в экологической акции.

- Наш город имеет богатую историю и он достоин того, чтобы его жители относились к нему бережно, - считает Б.Алпысбаев. - За последние годы в областном центре произошло множество преобразований, значительно улучшивших внешний облик города. Все вместе мы сделаем наш город еще красивее.

# УЛИЦЫ - АРТЕРИИ ГОРОДА

**Кызылорда растет и хорошеет день ото дня. И если новые микрорайоны остро нуждаются в зеленых насаждениях, то некоторые старые ждут очереди на реконструкцию. Одна из таких улиц областного центра носит имя Кожа Ахмета Ясауи. Ее реконструкция сейчас идет полным ходом.**

Как сообщили в пресс-службе городского акимата, подрядчик ТОО «Кыран» в марте приступил к реконструкции территории улицы Ходжа Ахмета Яссауи от улицы А.Бокейхана до улицы Айтеке би, стоимость проекта – 3 миллиарда тенге. Улицу, длиной около трех километров, сделают четырехполосной, проложат пешеходную дорожку и установят уличное освещение.

Кроме того, 725 миллиона тенге на благоустройство улиц вдоль железной дороги было выделено подрядчику ТОО «BSG Engineering». Он приступит к работам в ближайшее время и завершит их в ноябре. По проекту по обеим сторонам железной дороги будут построены аллеи и пешеходные дорожки, удобные для прогулок жителей. Помимо удобства для людей, эта улица формирует первое впечатление о красоте и чистоте города у пассажиров поезда, прибывающих в Кызылорду. Таким образом, будут расширены и благоустроены не только центральные улицы города, но и улицы на окраинах.

Также на территории нового здания автовокзала на левом берегу города Кызылорды, ставшего оживленной



стройплощадкой, высаживаются саженцы деревьев, озеленяются новые микрорайоны по всей территории города.

Напомним нашим читателям, что в прошлом году в регионе на 38 миллиардов тенге отремонтирован 671 километр дорог, доля дорог в хорошем состоянии составила 87,5 процента, а до конца текущего года планируется довести этот показатель до 92 процентов.

В настоящее время на развитие местной дорожной инфраструктуры предполагается выделить 61 миллиард тенге. Будет отремонтировано 215 километров автодорог, мостов и улиц. До конца года объем финансирования будет вновь увеличен.

Отметим, что в прошлом году в Кызылорде отремонтировано 267 улиц протяженностью 82 километра на 11 миллиардов тенге.

# ВОЗДУШНЫЕ ВОРОТА КЫЗЫЛОРДЫ

**О строительстве нового пассажирского терминала аэропорта «Коркыт ата» говорится уже не первый год. Но сейчас работы по его возведению вышли на финишную прямую.**

На днях руководитель региона Нурлыбек Налибаев и аким города Серик Кожаниязов ознакомились с ходом строительства, котолрое по отчетам



специалистов находится на стадии завершения и вскоре он будет введен в эксплуатацию.

Как сообщили в пресс-службе акимата, стоимость проекта – 20 миллиардов тенге. Из них 15,7 миллиарда тенге выделены из фонда Булата Утемуратова. Из местного бюджета на строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры направлено 4,3 миллиарда тенге.

Сейчас на прилегающей к аэропорту территории идут работы по благоустройству. На эти цели выделено более 634 миллионов тенге. Здесь будут проложены до 615 кв. м гранитного покрытия, 16,2 кв. м асфальта, 4038 кв. м брусчатки и 3630 кв. м гравия. В соответствии с проектом здесь будет построена четырехполосная дорога протяженностью 480 метров, ширина каждой полосы – 3,5 метра. Строительно-монтажные работы завершатся в конце текущего месяца.

Стоит отметить, что нынешний аэропорт в год обслуживает до 306 тысяч пассажиров, после запуска нового терминала объем вырастет до более 500 тысяч. Объем грузоперевозок увеличится с 150 до 240 тонн.

Проект реализуется в соответствии с требованиями международных стандартов. Здесь успешно сочетаются современное инженерное оборудование и архитектурные решения, экологически чистые строительные материалы.

В новом терминале будут предусмотрены секторы для обслуживания внутренних и международных рейсов, зал транзитных пассажиров, CIP-залы (залы повышенной комфортности для встречи и проводов отдельной категории пассажиров). Также будут зоны Duty Free, кафе, торговые точки, комнаты для хранения багажа и другие. Предусмотрены кабины паспортного контроля, телескопический трап, современный вертикальный транспорт, грузовая конвейерная лента. Общая площадь терминала – 7,5 тысячи квадратных метров.

Так что в скором времени кызылординцев и гостей города будет встречать новый терминал с очень комфортными условиями.

## НОВЫЙ АВТОВОКЗАЛ:

# КРАСОТА И КОМФОРТ

**В Кызылорде ввели в эксплуатацию здание нового автовокзала. Строители и проектировщики сделали все по современным тенденциям архитектуры и благоустройства: озеленение вокруг территории вокзала, организовали удобный вход на его территорию, просторный зал ожидания с видом на пребывающие автобусы.**

Аким области Нурлыбек Налибаев и аким города Серик Кожаниязов приняли участие в торжественной церемонии открытия и тепло поздравили жителей с радостным событием.

– Как отмечал Глава государства в Послании народу Казахстана, транспортно-логистическая сфера должна стать главной движущей силой в развитии экономики. Автобусные перевозки пассажиров – это одна из самых востребованных на сегодня видов услуг. В целях увеличения пассажирских и грузовых перевозок, повышения качества оказываемых в этой сфере услуг в прошлом году было принято решение




о строительстве нового автовокзала. В результате Кызылорду украсило еще одно современное красивое здание, построенное умелыми руками наших строителей, – сказал глава региона и пожелал счастливого пути всем пассажирам, которые отправятся в путь из нового автовокзала.

С открытием нового объекта кызылординцев поздравил ветеран труда, Почетный гражданин области Айтбай Кушербаев. В ходе торжественной церемонии ряду работников подрядной организации вручили благодарственные письма акима области. Здание автовокзала обошлось бюджету области в 975 млн тенге. Здесь созданы все условия для пассажиров, в том числе для людей с ограниченными возможностями. Новый автовокзал будет обслуживать 38 автобусных рейсов, в том числе международные.

В целом, за последние годы в регионе во всех сферах уделяется внимание укреплению материально-технической базы, в том числе приоритетное значение придается обновлению городского автопарка, для решения проблем с внутригородскими перевозками закуплено 300 новых автобусов. Также для перевозки школьников приобретено 30 автобусов для учреждений образования, 70 автомашин скорой помощи, 95 единиц спецтехники для лесничеств, 30 машин для ветеринарных служб, 92 автомашины для органов правопорядка, 17 единиц спецтехники для спасателей. Также 29 спецмашин было передано населенным пунктам, признанными победителями областного конкурса «Образцовый населенный пункт». В этом году будет приобретено 200 санитарных машин для учреждений здравоохранения области.

Также идут работы по закупу 100 экотакси на сумму 1 млрд тенге, что позволит снизить стоимость проезда для горожан.

Электромобили, работающие от общей сети, экологичны и безопасны и смогут быстро доставлять пассажиров по нужному маршруту.

Кроме того, в прошлом году компанией «Қазақстан темір жолы» при спонсорской поддержке местных предпринимателей на сумму около 600 млн тенге был сделан капитальный ремонт здания железнодорожного вокзала, благоустроена привокзальная площадь. Недавно в составе пассажирского поезда «Кызылорда – Семей» вышли в первый рейс 44 новых вагона.

# ОСТОРОЖНО, КЛЕЩИ!



**Наш регион расположен в природном очаге Конго-крымской геморрагической лихорадки. Этим заболеванием часто страдает определенная профессиональная группа людей. То есть больше всего страдают скотоводы, земледельцы, фермеры и люди, отдыхающие на природе. При укусе этого больного клеща очень высок риск передачи болезни непосредственно через кровь клеща. В течение четырнадцати дней у пациента может развиться заболевание. А если остановиться на симптомах, у человека будет сильная лихорадка, головокружение и другие состояния. Поэтому в весенний эпидсезон люди этих профессий должны строго соблюдать все меры предосторожности.**

С 10 апреля в соответствии с утвержденным графиком в целях профилактики Конго-крымской геморрагической лихорадки в населенных пунктах начаты работы по обеззараживанию от клещей.

Конго-Крымская геморрагическая лихорадка (ККГЛ) - вирусное природно-очаговое заболевание с трансмиссивным механизмом заражения.

Возбудитель может сохраняться в природных условиях в клещах, которые сохраняют его пожизненно и передают потомству. Прокормителями взрослых клещей являются крупный и мелкий рогатый скот, мелкие грызуны, домашняя и дикая птица.

Случаи заболевания регистрируются в весенне-летнее время (май-август) в период активности основных переносчиков инфекции - клещей.

В этой связи, заместитель акима города Дархан Турсынбаев поручил ответственным специалистам и акимам поселков и сельских округов быть очень внимательными и ответственно относиться к проведению эпидсезонных дезинфекционных работ, а жителей оказывать всестороннюю поддержку сотрудникам эпидстанций. Ведь эта работа - дело общее, и от ее качественного выполнения, без преувеличения, могут зависеть жизни людей.

Стоит отметить, что в этом году по городу в качестве неблагополучных районов конго-крымской геморрагической лихорадки были учтены 12 очагов. Это: город Кызылорда (микрорайон «КБИ», ПМК-29, микрорайоны Байтерек, Аль-Фараби), поселок Тасбогет, поселок Белколь (зона «Кокжиде», село Бирказан), Абай, Баймурат батыр, Досан, Ж. Махамбетов, Ийрколь, Карауылтобе, Кызылжарма, 11 пост (Талсуат) населенные пункты и станция Караозек.

В очагах, учтенных как неблагополучные зоны, с 10 по 23 апреля проводятся противоклещевые работы.

Как говорят специалисты, в весенний эпидсезон необходимо строго соблюдать меры защиты от укуса клещей. Предварительно вакцинировать скот, проводить работы по противоклещевой обработке в скотобойнях, во время ухода за сельскохозяйственными животными использовать спецодежду. Все это необходимо для того, чтобы не заразиться Конго-крымской геморрагической лихорадкой.

В 2023 году, например в Кызылорде было зарегистрировано 13 случаев этого заболевания.

# ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМІ

Қызылорда облыстық Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлер құрамының атқаратын қызметтері аса қауіпті де қиын екені баршамызға аян. Олар өз бастарын аса қауіп-қатерге тігіп, талай жандарды ажал аузынан аман алып қалуда... Аз шығынмен жеке және қоғамдық мүліктерді де әртүрлі апаттардан құтқарып, еліміздің экономикасының өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда...

Биыл Ұлу жылындағы еліміздің батыс және солтүстік аймақтарындағы айтып келмейтін апат – тілсіз жау, топан су бүкіл еліміздің қабырғасын қайыстырып жіберді. Апат орын алған аймақтарға бүкіл ел-халық болып қолдан келген көмектерін аямауда... Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей бақылауымен су тасқыны орын алған аймақтарға біздің облыстан да барынша көмек көрсетілуде.



Бүгінде облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлер құрамы да сол аймақтарға алғашқылардың бірі болып, арнайы құтқару қызметімен айналысуда... Иә, енді бұнан былай бұндай апаттың бетін Алла аулақ қылғай!

Төтенше жағдайлар департаментінің ұжымы мен осы саланың Ардагерлер кеңесі кезінде қызмет бабында қаза тауып, қыршын кеткен полковник Қазбек Төреманов, ішкі қызмет сержанттары: Арман Төлебаев пен Арғын Ашırбеков және бақилық болған барлық сала ардагерлерін еске алып, «Ақмешіт Сырдария» мешітінде ас беріп, рухтарына Құран бағышталды. Жиналған жұрт бұдан былай елімізде биылдағыдай топан су мен басқа апаттардың болмауын Алладан тілеп, тілектер айтты.

Департамент басшысы полковник Р.Қайрақбаев пен Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Мусаевқа және жалпы қызметкерлер құрамына осы имандылық істі ұйымдастырғаны үшін марқұмдардың ата-аналары мен жанашырлары ризашылығын білдірді. Ләйім, еліміз аман болғай! «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген бабалар сөзі имандылық иірімін іркусіз ілгері жалғап келе жатқаны жанға жебеу, дәрменге демеу болғандай.

**Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

Азамат Б. өзіне тиесілі жер учаскесіне екі қабатты үй салды. Бірақ, ол өз үйі мен көрші орналасқан үйдің арасындағы арақашықтықты сақтамаған.

Бұған наразы болған көршісі сотқа жүгінеді. Тұрғын үйдің құрылысы көршілес учаскеден арақашықтығы үш метр қашықтықта салынуы керек. Бірақ азамат Б. бұл ережені сақтамай, нәтижесінде көршісіне қолайсыздық тудырған.

Бірінші сатыдағы сот көршінің талабын қанағаттандырып, екі қабатты үйдің бір қабырғасын бұзу жөнінде шешім қабылдаған.

Алайда, азамат Б. сот шешімін өздігінен орындамаған. Сондықтан, атқару парағы бойынша мәжбүрлеп орындауға берілген.

Бірақ, азамат Б. сот шешімін нақты орындағанын, көршісінің және үйінің арасындағы арақашықтықты сақтау үшін тұрғын үйдің қабырғасын бұзғанын, соған қарамастан, атқарушылық өндіріс тоқтамағанын көрсетіп, жеке сот орындаушысының әрекетіне дау айтып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына әкімшілік талаппен жүгінген.

Әкімшілік талапты қараған сот тұрғын үйдің қабырғасын бұзу туралы сот шешімі толық орындалмағанына көз жеткізіп, жеке сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтатудан бас тарту әрекетін заңды деп санаған.

Оған келіспеген азамат Б. облыстық сотқа апелляциялық шағым түсірген.

Әкімшілік сот алқасы аталған істің мән-жайын толық зерттеді.

Шын мәнінде, тұрғын үйдің бірінші қабатының кірпіштері ғана алынып, орнына жоңқалы-сүрек тақталардан қабырға қойылғаны, ал екінші қабаты өзгеріссіз қалғаны анықталды.

Азамат Б. сот шешімінде тұрғын үйдің екінші қабатының қабырғасын бұзу туралы көрсетілмеген деп уәж келтірген. Алайда, сот алқасы бұл уәжді қисынсыз деп санайды. Себебі, үйдің қабырғасы біртұтас болғандықтан, бірінші және екінші қабат қабырғалары деп бөлінбейді.

Сот алқасы азамат Б.-ның құрылыс терминологиясын қолдануға қатысты уәждерін де қисынсыз деп санайды. Өйткені, үйдің қабырғасы арнайы құрылыс бөлігі болғанымен, сол қабырғаны тұрғызу үшін пайдаланатын құрылыс элементтері жеке-дара бөлініп қаралуға жатпайды.

Сонымен, сот шешімін бұрмалап орындаған азамат Б.-ның апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылды.

**Ш.МАЛИКОВА,**
**Қызылорда облыстық сотының судьясы**

*«Ақшамның асханасы»*

## БАНАН-ҚҰЛПЫНАЙ ШӘРБАТЫ

2 порция.

**Қажетті заттар:** 1 түйір банан, 10 түйір мұздатылған құлпынай, 1 түйір лайм. Әсемдік үшін 10 түйір құлпынай тұздалмаған, тазартылған дәндер 10 гр., 1 бұтақ жалбыз.

**Дайындалуы:** Бананды қабығынан аршып, бөліктерге бөліп, кесіп, мұздатқышқа саламыз. Екі сағат уақыт жеткілікті.



Блендерге банан, құлпынайды салып, лаймның шырынын ағызып, бәрін қоймалжыңға айналдырамыз. Банан неғұрлым піскен болса шәрбат та соғұрлым тәтті. Құлпынай орнына кезкелген жидекті шие, таңқурай,сиыр жидек тағы да басқаларды пайдалануға болады. Лайм шырыны қышқыл дәм береді.

Жидектерді ыдыс түбіне саламыз. Арнайы қасықтың көмегімен балмұздақтан шариктер істейміз. Дәндерді майдалап, үстіне себеміз. Жалбыз қосамыз.

## ҚЫЗЫЛША МАРМЕЛАДЫ

4 адамға арналған.

**Қажетті заттар:** 3 түйір қайнап піскен қызылша, 150 гр. сүйексіз қара өрік, 50 гр. ұнтақталған грек жаңғағы, 100 мл. су, 30 гр. желатин, 40 гр. какос жаңқасы.



**Дайындалуы:** қайнап піскен қызылшаны орташа үккіштен өткіземіз. Қара өрікті майдалап тураймыз, грек жаңғағын да ұсақтаймыз.

Бәрін бір ыдыста араластырамыз. Желатинді қорап сыртындағы нұсқамен әзірлейміз. Негізі тез еритін желатин дұрыс. Үстіне жылы су құйып, баяу отта желатин толық ерігенше қыздырамыз. Желатинді ыдысқа құйып, әбден араластырамыз. Қалыпқа салып, бетін тағамдық пленкамен жабамыз.

Тоңазытқышта бірнеше сағат, әбден қатқанша ұстаймыз. Содан соң қалыптан аламыз. Бөліктерге бөлеміз. Содан соң қызылша кубиктеріне кокос жаңқаларын себелейміз.

## КАРТОП САЛАТЫ

4 порцияға арналған. **Қажетті заттар:** 500 гр картоп, 200 гр қалбырдағы жасыл бұршақ, 1 уыс жасыл фасоль, 2 бұтақ жалбыз, 1 ас қасық сары май, 1 ас қасық зәйтүн майы, бір шымшым тұз. Соус үшін 2 ас қасық майлы қаймақ, 2 ас қасық қыша, 1 шымшым қара бұрыш, 1 шымшым тұз.

**Дайындалуы:** Жасыл бұршақты алдын ала мұздатып аламыз, картопты қабығымен пісіріп, қабығынан тазартып, ірі-ірі етіп тураймыз. Шұңғыл кастрөлкеге суды қайнатып, фасольды



2 минутқа салып аламыз, содан кейін жасыл бұршақты салып, қайнатып, қайнағаннан соң төгіп тастаймыз. Бұршақтарымызды қағаз сүлгімен құрғатамыз, табада сары майды, зәйтүн майды қыздырып, картопты салып, тұз сеуіп, қызарғанша қуырамыз.

Қаймаққа қышаны қосып, тұз, бұрыш сеуіп, араластырамыз. Түбі терең ыдысқа дайындалғандардың бәрін саламыз, жалбыз қосамыз. Бәрін әбден араластырамыз.

## ШАЛҒАМ САЛАТЫ

3 порцияға арналған. **Қажетті заттар:** 100 гр фета, 1 түйір қияр, 3 түйір шалғам, 3 бұтақ жалбыз. Соус үшін: ½ лимон, 3 ас қасық зәйтүн майы, 1 ас қасық қыша, 1 шымшым қара бұрыш, 1 шымшым тұз.

**Дайындалуы:** Қиярдың қабығын аршып, жіңішкелеп тілікше етіп тураймыз. Шалғамды да жұқалап дөңгелекше етіп тураймыз. Жалбызды ірілеу етіп тураймыз.



Түбі терең ыдысқа қияр, шалғам, жалбызды салып, араластырамыз. Соус үшін жарты лимонның шырынын қышаға қосамыз. Оған зәйтүн майын қосып, тұздап, бұрыштап араластырамыз.

Дайын салатты тәрелкеге салғаннан кейін үстіне фета қосамыз.

## ТҮРЛІ-ТҮСТІ ҚЫРЫҚҚАБАТ КОТЛЕТІ

Диета ұстап жүргендер үшін, сондай-ақ көкөністерді жақсы көретіндер үшін пайдалы тағам.

**Қажетті заттар:** 350 гр түрлі-түсті қырыққабат, 2 түйір жұмыртқа, 2 ас қасық ұн, қара бұрыш, тұз, өсімдік майы.



Түрлі-түсті қырыққабатты бөліктерге бөлеміз. Орташа отта 15 минут қайнатамыз. Содан соң блендерде қоймалжыңға айналдырамыз. Қырыққабат қоймалжыңына жұмыртқа, тұз, бұрыш қосып, араластырамыз. Котлет жасаймыз.

Табадағы қызып тұрған өсімдік майына орта отта котлеттеріміздің екі жағын кезек ауыстырып 3-4 минуттай пісіреміз. Қаймақ немесе соуспен жеуге болады.

## ЕТСІЗ ПАЛАУ

Диета кезінде өте тойымды. Етсіз дайындалады.

**Қажетті заттар:** 1 стакан күріш, 2 стакан су, 1 түйір бас жуа, 1 түйір сәбіз, 1 түйір болгар бұрышы, 2 түйір қызанақ, 3 тіс сарымсақ, қара бұрыш, 1 шай қасық куркума, тұз, өсімдік майы.



1) Сәбіз бен жуаны қабығынан тазартамыз. Бұрыштың тұқымын алып тастаймыз. Жуаны, сәбіз, бұрышты жіңішкелеп тураймыз. Помидорды да бөліктерге бөлеміз.

2) Күрішті көп суға әбден жуамыз.

3) Шұңғыл ыдыста өсімдік майына сәбіз бен жуаны қуырамыз. Үстіне бұрыш пен помидор саламыз. Тұз, бұрыш, куркума себеміз. Араластырып 2 минуттай тағы қуырамыз. Содан соң көкөністердің үстіне бір тегіс етіп күрішті жатқызамыз. Арасына сарымсақ тығамыз. Ыстық су құямыз. Бетін жауып, баяу отта 10-15 минут пісіреміз. Содан соң оттан алып, қақпағын ашпай, 15 минут бұқтырып қоямыз.

Дастарханға әкелер алдында араластырып аламыз. Көңіліңіз қаласа қалбырдағы жасыл бұршақ, немесе жүгері қосуыңызға болады.

## ЕТСІЗ БОРЩ

Бұл борщқа ащыған қырыққабат қосылатындықтан дәмі қышқыл болады. Ет жоғына қарамастан хош иісті, тойымды.

**Қажетті заттар:** 1 литр су, 200 гр ащыған қырыққабат, 200 гр картоп, 100 гр қызылша, 50 гр сәбіз, 70 гр қызанақ пастасы, 50 гр бас жуа, 100 гр фасоль, 1-2 лавр жапырағы, 1-2 қалампыр, тұз, бұрыш, қант татымына қарай.

**Дайындалуы:** Картопты тазартамыз, кубик етіп тураймыз, қайнаған су құйып, тұз саламыз. 10 минут қайнатамыз. Ащыған қырыққабатты сығып алып,



турап, картопқа қосып қайнатамыз. Жуа, сәбіз, қызылшаны тілікше етіп кесеміз. Өсімдік майына қуырып аламыз. Қызанақ пастасын 100 гр катоп езбесін қосып 5 минут қайнатамыз. Татымына қарай тұз, бұрыш қосамыз. Лавр жапырағын, қалампыр, қантты да қосамыз.

Тәрелкеге құйғанда жасыл желектерден саламыз.

## КОРЕЙЛІК КУКСИ

4-5 порцияға арналған. **Қажетті заттар:** 300 гр жіңішке бидай куксиі, 600 гр сиыр еті, 1 бас жуа, 400 гр қырыққабат, 400 гр қияр,250-300 гр сәбіз, 5 түйір жұмыртқа, 8-10 тіс сарымсақ, 2 шымшым қара бұрыш, 1 ас қасық соя соусы, тұз, су. Соусы үшін: 3 ас қасық қызыл бұрыш, 3 ас қасық соя соусы, 1 ас қасық күнжітмайы, 1 ас қасық 5-6%-дық күріш сірке суы, ½ ас қасық қант.

**Дайындалуы:** Алдымен сорпасын әзірлейміз. Шұңғыл кастрөлкеге сиыр етін, бас жуаны, көк жуа, 8-10 тіс срымсақты салып, үстіне 2-2,5 литр су құйып, отқа қойып, қақпағын жабамыз. Су қайнағаннан соң көбігін аламыз. Отын баяулатып, қақпағын жауып 1 сағат қайнатамыз. Одан кейін лапшасын қайнатамыз.

Лапшаны араластырып тұрып 2 минут қайнатамыз. Одан соң ыстық суын төгіп тастап, салқын суға жуып аламыз. Бір-біріне жабыспайды. Суынан құрғатамыз.

Енді қалған заттарды дайындаймыз. Сәбізден бастаймыз. Тілікше етіп тураймыз. Одан соң қырыққабатты тураймыз, негізі қырыққабаттың көп болғаны жақсы. Қырыққабатты тереңдеу ыдысқа салып, тұз сеуіп әдемілеп араластырамыз. 15-20 минут шамасында тұндырамыз. Одан соң қиярды да тілікше етіп тураймыз. Оны да шұңғылдау ыдысқа салып, тұз, қара бұрыш себеміз.



Көк жуаны майдалап тураймыз. Ол негізі әзір асқа әрі соусқа қосылады. Сарымсақты еземіз. Жұмыртқаны жарып терең ыдысқа салып, қоймалжың болғанша араластырамыз. Жұмыртқадан блины жасаймыз.

**Енді пастасын әзірлейміз.** Ол үшін терең ыдысқа 3 ас қасық қызыл бұрыш, 3 ас қасық соя соусын, бір ас қасық 5-6%-дық күріш сірке суын, 1 ас қасық күнжітмайын, жарты қасық қант, шамалы сарымсақ қосып бәрін бірдей араластырамыз. Қажет деп тапсаңыз майдаланған көк жуа қосуға болады.

**Қуыра бастаймыз.** Табаны отқа қыздырамыз, шамалы өсімдік майын құямыз. Бірінші сәбізді саламыз. Үздіксіз араластырып тұрамыз, жұмсарғанша 2-3 минут қуырамыз. Одан соң жұмыртқа блинчигін жасаймыз. Табаға май жағып, жұмыртқа қоймалжыңын құйып, екі жағын кезек араластырып дайындаймыз.

Енді кезек қырыққабаттікі, тұнып тұрғанда суы бөлінгені анық. Сығып алып, суын төгіп тастаймыз. Табаға салып, үздіксіз араластырып, күйдірмей қуырамыз. Қуырыла бастағанда татымына қарай қызыл бұрыш саламыз.

Дайын болған сорпамыздан етті алып суытып, майдалап тураймыз. Сорпадағы жуа, сарымсақ, көк жуа дегендерді алып тастаймыз. Сорпаға соя соусын қосамыз. Татымына қарай тұз саламыз. Жұмыртқа блинын кесеміз. Суып дайын болған етімізді тілікше етіп кесеміз. Сорпа ішетін шұңғыл ыдыс алып алдымен лапшаны саламыз, содан соң ретімен кезектестіріп сәбіз, сиыр еті, қияр, қырыққабат, жұмыртқа блинын орналастырып, ортасына көк жуа саламыз. Үстіне сорпасын құямыз.

Ас болсын.